

894.342-2

и83

к

Дулат
ИСАБЕКОВ



894.342-2

Дулат
ИСАБЕКОВ



БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

4-ТОМ



АЛМАТЫ
2003

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар:
М. Құлқенов
Ж. Құлиев

Исабеков Д.

Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. Пьесалар. Алматы:
"Өлке", 2003, — 392 бет.

Қазақстан
Республикасының
Ұлттық кітапханасы

164438

ISBN 9965-599-78-5

© Исабеков Д., 2003

ӘПКЕ

Екі бөлімді драма

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Қамажай

Омар – *інісі*

Тим, Тимур – *інісі*

Ермек – *інісі*

Наз, Нәзила – *сіңлісі*

Гауһар – *Нәзиланың құрбысы*

Кама, Кәмила – *Тимурдың сүйген қызы, кейіннен әйелі*

Сұлтан – *Тимурдың досы*

Сұлухан, Светлана – *Сұлтанның қасындағы қыз*

Қабен

Көрші әйел

БІРІНШІ АКТ

Сахна төрінен Қамажай мен Қабеннің тұлғалары көрінеді. Қараңғыдан шығып, олар бері жақындайды.

ҚАБЕННІҢ ДАУЫСЫ.

“Мен сені үш күн бойы күттім. Адамды осылай қорлауға бола ма? Балалар оянып кетеді деп, телефон соқтырмайтын өзің. Сондықтан, бір парақ қағаз жазып отырмын. Қымбаттым-ау, күтудің де, шыдамның да шегі болады ғой. Неге келмейсің? Мені ұнатпайтын болсаң, күндіз телефонмен сөйлескенде оныңды ашып айт. Кісіні әуресарсаңға салып қойғаның не? Бүгін тағы да күтем. Екеуміз әуелгі келіскен жерде. Өтінемін, жүздесіп кет. Бүгін, сөз жоқ келгейсің. Өтінем, асыға күтем. Соңғы рет”.

ҚАМАЖАЙ:

Бір алапат сезім кіріп кеудеме,
Жұлқынғанда айта алмадым деп “неге”?

— Өмір деген жалғыз сенің үйің бе?

Халат тастап, далаға жүр, киін де, —

Деді маған ыдыс жуып жатқанда.

Ән естілді,

Көктем кеткен жақтан ба?..

Дала кезген самал болып кеттім мен,

Оралдым ба баяғы бір шақтарға,

Толқын болып тулап шықтым далаға.

Екеуі қол ұстасады. Бірақ ұстасқан қолдары еріксіз ажырай береді.

* * *

Қамажайдың үйі. Шашылған, бей-берекет көрініс.

Қамажай, Омар, Тимур, Нәзила, кішкентай Ермек. Ортада Тимур отыр. Ол ішкенге ұқсайды. Алдында бөтелке.

ТИМУР: Кетіңдер. Бәрің де кетіңдер. Маған ешкімнің де қажеті жоқ. Өйткені, мен ешкімге қажет емеспін. Анам болса бүйтпес едіңдер.

ҚАМАЖАЙ: Саған не болған? Не айтып тұрғаныңды білемісің өзін?

НӘЗИЛА: Білмейді. Ол бүгін тұңғыш рет азамат болып, арақ ішіп келіп отыр. Азамат болғаныңыз құтты болсын.

ТИМУР: Батыр қараңды, сайрамай. Өзіліңді көтерер жайым жоқ. Бағана жұмыстан шаршап келгенімде бірінді таппадым. Құдай сендерге тек тіл берген.

ҚАМАЖАЙ: Темір-ау, үйде болмасақ, қыдырып жүрген жоқпыз ғой.

ТИМУР: Қыдырып жүрсіңдер. Паркте. Жігітпен. Осы үйдің қамын ойлайтын жалғыз мен бе? *(Әкелері кіреді. Бәрі тұрған орын-орындарында қимылсыз қалады).*

ТИМУР: Ом. Наз... Қыдыр аралап жүр екен десем, әкеміз екенсіз ғой.

(Әкелері үй ортасына кел, бәріне үнсіз көз тастайды).

ТИМУР: Жылаған баланың үніне қарайламап едіңіз, енді не іздеп жүрсіз? Құдайға шүкір ер жеттік. Даусымыз да шықты, дауласып та жатырмыз. Көзіңіз өтіп кетер, сұқтанбай тез кетіңіз. Кетіңіз, кетіңіз...

ҚАМАЖАЙ: Тимур...

(Ол жайлап басып шығып кетеді. Оның соңынан әлкесі жүгіреді).

ТИМУР: Әпке-е.

(Ермек оянып кетеді де, сыртқа жүгіреді).

ЕРМЕК: Әпке. Әпке.

ҚАМАЖАЙ: Ермекжан. Әпке дегенің қалай? Мен сенің мамаңмын.

ЕРМЕК: Жоқ, сен әпкем екенсің. Менің мамам өліп қалған. Сен әпкем екенсің, әпкем екенсің.

ҚАМАЖАЙ: Жоқ. Мен сенің мамаңмын. Әпке деме, мама де, мама де.

...

Стол басында Қамажай, сіңлісі, сіңлісінің құрбысы тамақ ішіп отыр.

НӘЗИЛА: Илансаң бар ғой, әпке, таңертеңнен бері Гауһар екеуіміз дым сызған жоқпыз.

ҚАМАЖАЙ: Немене, ақшаларың болмай қалды ма?

НӘЗИЛА: Жоқ, өзің берген бір сом ақшам да болды, Гауһар да құр алақан емес. Уақыт жоқ. Ательеге барып едік, қырғын, адам көп екен, шаршап өле жаздадық. Так что, әпкешка, бүгін алдымызға күнжара қойсаң да жей береміз.

ҚАМАЖАЙ: Ақшаларың болмаса, ательеге неге барып жүрсіңдер?

НӘЗИЛА: Бұрынғы ақшалы кездерім еске түсіп... Ательеге ақшалы адамның баруы жаңалық емес. Қолыңнан келсе, ақшасыз барып көр. *(Күліп)*. Жай айтқаным ғой. Әпке деймін, ательеге маркизет түсіпті. Гауһарда азын-аулақ ақша бар екен, мен одан қарыз ала тұрмақ едім. Жете алмадық. Жете алмағанымыз да дұрыс болды. Әйтпесе, кейін қайдан тауып берер едік.

ҚАМАЖАЙ: Неге?.. Тауып береміз... Тимур ертең айлық алады.

НӘЗИЛА: Оның айлығы өзінен артылмайтын болды ғой. Өткен жолы мен оны паркте бір қызбен көргем. Меніңше, финанс жағын сол кісі басқаратын болуы керек. Ал, енді іске кіріселік.

(Екі құрбы сықылықтай күліп, тамақтан қарбытып жеуге кірісегі).

ҚАМАЖАЙ: Ойбай-ау... сендердің қарындарыңның аш екенін білмей қалдым ғой, тамақты мол жасайтын едім. Әлгі Темірбек бір жолдасымды ертіп келем деп еді. Сол екеуінің... Жарайды, сол екеуінің сыбағасын салып берейін.

ГАУҒАР: Жо-жоқ, апа, керек емес. Бізге осы да жетеді.

ҚАМАЖАЙ: Азаннан бері дым сызбасаңдар қайдан жетсін. Оларға... котлет қуырып бере салармын. Әкеліндер ыдыстарыңды.

НӘЗИЛА: Біздің әпкешка бала сияқты. Не айтсаң, соған сене береді.

Үйге Темірбек және гитара көтерген бір жігіт пен екі қыз сау етіп кіріп келеді. Бәрі көңілді. Қамажай тамақ қамын ойлап, аңырып тұрып қалады.

НӘЗИЛА: Әпкешка, котлетті көбірек қуыр.

ТЕМІРБЕК: О-о, біздің үйде той боп жатқан-ау шамасы. Мамуля, мен білмейтін бұл қандай той.

ҚАМАЖАЙ: Ә-ә... той емес... Жай, өзіміз. Жігіттер, қыздар, жоғары шығындар. Еремекжан, сен өз бөлмеңе бара ғой, кәне. *(Ол кетеді)*. Ал, төрлетіндер.

ТЕМІРБЕК: Мамуля, біздің үйде той жоқ дейсің, неге той жоқ? Той бар. Енді болады. Бүгін екі жылдан бері бір заводта істеп келе жатқан менің ең жақсы досым Сұлтанның туған күні. Және ол біздің босағаны бірінші рет аттап отыр. Демек, біздің үйде бір емес, екі той өтуі тиіс. Ал, Кәмила, шығар сумкадағыларыңды.

КӘМИЛА: Құп болады.

ҚАМАЖАЙ: Темірбек-ау, мынауың... Күні бұрын неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Ылғи да асығыс. Тым болмаса, телефонмен бір ауыз айта салсаң етті.

ТЕМІРБЕК: Ничего, ничего, мамуля. Қуаныш атаулының ойда жоқта болғаны жақсы. Күні бұрын білген қуаныш – қуаныш емес. Эффектісі аз болады. Ал, Сұлтан, бұл кісі – менің әпкем, өзім мамуля деп атап кеткем. Мына қыз – қарындасым, оның қасындағысы – подружкасы. Екеуі институтта бірге оқиды. Ал, мына екі қыз – Кәмила және Светлана. Қазақша аты – Сұлухан. Аты – не очень удачный ат. Сондықтан Светлана деп кеткенбіз. Все мы уже знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

Бәрі столға отырады.

ҚАМАЖАЙ: Ал, туған күнің құтты болсын, інішек. Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал, өздерің отыра тұрындар, мен барып котлет... імм... тамақ дайындап жіберейін.

Шығып кетеді.

ТЕМІРБЕК: Наз, сен де осы үйдің қонағымысың? Мамуляға көмек бермейсің бе?

НӘЗИЛА: Мынау экстра ма?

ТЕМІРБЕК: Болса қайтейін деп ең?

НӘЗИЛА: Сағат жетіден кейін арақ сатылмаушы еді ғой?

КӘМИЛА *(жеңілтек үнмен)*: Біз оны рестораннан алдық.

НӘЗИЛА: У-у, неткен байлық. Ал, біз Гауһар екеуіміз ақшаның жоқтығынан күні бойы тамақ та іше алмадық.

ТЕМІРБЕК: Байлық еш уақытта жұртқа бірдей бөлінбейді.

НӘЗИЛА: Таба алмай жүрген асыңның
Ит жегенін көресің...
Ретсіз бөлген дүниенің
Айтшы, құдай, төресің...

ТЕМІРБЕК: Тоқтат. Тіліңді кесіп, язык отварной жасаймын.

НӘЗИЛА: Таптырмайтын деликатес. Менің тілім, міне (*Тілін көрсетегі*). Кішкентай-ақ. Төртеуіңе жете қояр ма екен? Жарайды. Өзім, закуска болғанша, ас үйге барып бірдеңе әзірлесейін, жоғары мәртебелі тақсыр... (*Иіліп тағзым етегі*).

ТЕМІРБЕК: Жоғалт көзіңді.

НӘЗИЛА: Күп болады, күп болады. Көзімді жоғалтайын.
Лып етіп шыға жөнелегі.

ТЕМІРБЕК: Сендер оның сөзін көңілдеріңе алмай-ақ қойыңдар. Ол былай... аздап... ненормальный-лау.

СВЕТЛАНА: Дегенмен, бізді ұнатпай қалғаны анық. Тілінің уы бар қыз екен.

КӘМИЛА: Қазіргі заманда жұрттың бәріне бірдей ұнай беру шарт емес. 20-ғасыр – ғылыми-техникалық прогрестің ғасыры ғана емес, субъективті пікірдің ғасыры. Біреуге ұнау үшін әрекет жасау бекершілік. (*Cigaret тұтатады*).

СҰЛТАН: Біреуге ұнамауды мақсат ету де адамды рухани түйықтыққа итермей ме?

КӘМИЛА: Сен мені түсінбей қалыпсың. Біреудің қасқабағына қарап, соның ақылымен өмір сүру, қайткен күнде оған да оған өзің жайлы жаман пікір қалдырмауға тырысу – адамды ой бостандығынан айырады. Ал, ой бостандығы болмаған жерде... айталық, сен қолыңа гитара ұстап, туған күніңді думандатып, маған қарсы дау айтып отырғаныңа қарамастан, тіпті он екі мүшесі сау, қаланың ортасынан алған үш бөлмелі пәтеріңе, жергілікті комитеттің мүшесі екеніңе де қарамастан, мына сен... сыртын терімен қаптай салған тұлып болар едің.

СҰЛТАН: І-ім. С-солай де. Ашулануға тұрарлық сөз екен. Бірақ жақын досымның үйіне алғаш рет келіп отырғандықтан, шаңырақтың шырқын бұзғым келмей отыр. Дегенмен, айта қойшы, жұрттың бәріне бірдей ұнамауды

мақсат еткен адам ғана ой бостандығының иесі санала ма? Объективті пікір деген бар ғой.

СВЕТЛАНА: Жоқ.

СҰЛТАН: Қалайша? Объективті пікірді жоққа шығарғын келе ме?

СВЕТЛАНА: Жоққа шығарғым келмейді. Өйткені ол болған емес. Объективті пікір деген – субъективті пікірлердің жиынтығы.

СҰЛТАН: Ал, әйтпесе, жиырмасыншы ғасырдың жойқын ингилисі арамызда жүр екен ғой. (*Гауһарға қаран*). Бұған сіз қалай қарайсыз, қарындас?

ГАУҲАР: Мен бейтаныс адамдардың алдында пікір айтпаймын.

СҰЛТАН: Бұл да өзінше жаңалық екен. Қалыс қалудың сәті табыла кеткен түрі ғой.

ТЕМІРБЕК: Жолдастар, айтысты тоқтатуларыңды өтінемін.

СВЕТЛАНА: Жо-оқ, жалғастыра берсін. Мен үшін өте қызық. Меніңше, дастарқан басындағы адамдардың сөзінен-ақ бүтін бір қоғам мәдениетінің даму деңгейі көрінеді. Білімді жастардың айтысы да, тартысы да әлеуметтік биіктен басталуы керек. Объективті және субъективті пікір дегенді мен күн де естіп, сол сөзді өзім қолданып жүрсем де, анығына жете алмаймын, Сұлтан, ол жөнінде сенің ойың қалай?

СҰЛТАН: Сен өз сұрағыңа өзің жауап беріп отырсың ғой. Мен өз пікірімді айтсам, демек ол субъективті пікірім, ал көпшілікке ұнайтын ойымды айтсам, ол объективті пікір.

КӘМИЛА: Бұл – слишком арифметикалық жауап. Екіні екіге қосқанда төрт болады деген сияқты. Бұлай бастауыш мектептің оқушысына ғана түсіндіру керек. Айтпақшы, жақында бір бала мұғалімнің: "Екі алмаға үш өрікті қосқанда қанша болады?" – деген сұрағына ойланбастан: "Компот болады", – деп жауап беріпті. Мен сенің жауабыңа толық қанағаттана алмадым. Әлгі баланың жауабы сияқты жаңа мотивировка жоқ.

СҰЛТАН (*гитарасын қағып-қағып жіберіп*): Мен үшін бұл соншалық маңызды мәселе емес.

КӘМИЛА: Неге? Біздің әрбір құбылысқа деген өз пікіріміз болуы керек. Онсыз адам болудан қаламыз. Өз пікірі, өз ойы болмаған адам алдына ешқашан мақсат қоя

алмайды. Демек, ол өз бақыты үшін қалай күресуді, өз ғұмырын қалай құруды да білмейді.

Нәзила келіп, столға ыдыс-аяқтар қояды.

СҰЛТАН: Ал, сен өзің, сен өзің білесің бе?

КӘМИЛА: Білемін. О-о, мен жақсы білемін. Мен өз бақытым үшін күресе аламын.

СҰЛТАН: Ал, сен сол “бақыт” дегеннің не екенін білемісің?

КӘМИЛА: Оны да білем. Бақыт деген... бақыт деген мына сендер түсінетіндей ылғи қуаныш, ылғи сәттілік емес. Бақыт деген – азап.

ТЕМІРБЕК: Аза-ап?.. (*Күлегі*).

КӘМИЛА: Иә, азап. Бірақ, ол бос сергелден, күйбең тіршіліктің азабы емес, үлкен мақсатқа барар жолдағы азап. Циолковский, Достоевский, Королев... Қалай ойлайсындар, солардың бәрі рақат тұрмыс кешті дейсіңдер ме? Олардың бүкіл ғұмыры азаппен өтті. Адамзат үшін, ғылым үшін азап шекті. Міне, бақыт деген сол.

СҰЛТАН: Дұры-ыс. Олардың бәрі ұлы жаңалық ашты. Ал, сен ше? Сен қандай жаңалық ашасың?

КӘМИЛА: Мен ешқандай жаңалық ашпаймын.

СҰЛТАН: Құдайдың мұнысына да шүкір.

КӘМИЛА: Иә, құдайға шүкір, ашпаймын.

СҰЛТАН: Сондағы сенің айтпағың не? Жаңалық ашпайсың, диссертация қорғамайсың, демек азаптанбайсың. Сөйте тұрып, өз бақытым үшін күресе алам дейсің. Ол қандай бақыт, ол қандай күрес?

КӘМИЛА: Ол – өз дегенімізше өмір сүру. Адам адам болып жаралғалы сол үшін күресіп келеді. Олар не үшін күресті, не үшін құрбан болды: сол күрес атаулыны – қарулысы бар, қарусызы бар – бәрін жиып-теріп келесі ұрпаққа қалдыру үшін ғана ма? Жо-жоқ. Сол күрестер мен жеңіс атаулының жемісі – мына, бізбіз. Алдыңғы ұрпақ соңғы ұрпақтың бақыты үшін мәңгі күресіп келеді ғой, солардың тыныш ұйқысы үшін, солардың бейбіт тіршілігі үшін, керек болса, солардың бейғам өмірі үшін де күресті ғой. Окоптан жазылған хаттар солай дейді. Оны осы отырған бәрің де білесіңдер. Сол бақытты ұрпақ мына біздерміз. Біз қалауымызша өмір сүруге тиіспіз.

СҮЛТАН: Тырнақтап жиғанды етектеп төгіп алмаймыз ба?

КӘМИЛА: Төкпейміз.

НӘЗИЛА: Өмір көрсетер оны. Жалпы, жалынды сөйлеген адамнан күдіктенемін. Өйткені, олар көп ретте жалған айтады. Меніңше, бақыт деген — сөз бен істің бірлігі, демек жалған сөйлемеу. Біз дастарқан басында ғана ақылдымыз, дастарқан басында сұлу сөйлеуді әбден меңгергенбіз. Ал, өмірде сол айтқанымыздың бірде-біреуін орындай алмаймыз. Сөзіміз бен ісіміз алшақ. Бұл — бақыт емес, сор.

СВЕТЛАНА: Бұл сіздің өмірден түйген философияңыздан гөрі бізге деген күдігіңізге көбірек ұқсайтын сияқты. Кама дұрыс айтады. Өңгіме жаңалық ашуда емес. Менің атам, 18-жылы Ақтөбеде ақтармен шайқаста қаза тауыпты. Баламның бақыты үшін депті. Баласы, яғни менің әкем, Отан соғысында Сталинград түбінде белгісіз төмпешік болды. Балаларымның бақыты үшін деп мерт бопты. Енді... енді біз неге бақытты тұрмыс құрмаймыз. Бүтін бір екі ұрпақ ғұмырын қиғанда келмейтін ол не деген бақыт.

(Осы кезде Қамажай тамақ әкеп столға қояды). Келіңдер, жолдастар, бәріміздің бақытымыз үшін бокалдар шарапқа толсын.

БӘРІ: Міне, ғажап сөз.

— Ал, құйыңдар.

СҮЛТАН: Кәне, апай, қарындастар, сіздер де бокалдарыңызды толтырыңыздар *(Құя бастайды).*

ҚАМАЖАЙ: Жо-жоқ, мен мұндайды аузыма алған емеспін. Болмайды, болмайды.

СВЕТЛАНА: Болады, болады. Осы уақытқа дейін аузыма алмадым дегенге өз басым иланбаймын. Қазір үйренбесеңіз, кейін кеш болады. Мына іні-қарындастарыңыздың бақыты үшін алмауыңыз күнә. Және бұл БАҚЫДАН шыққан дүние жүзіне әйгілі "АҒДӘМ" портвейні. Бұл бүтін ғайыптан-ғайып қолымызға түсіп отыр, әйтпесе тек экспорттың ғана дүниесі. Оның үстіне мен сөйлеп тұрмын, кәне.

Қамажай бокалды аузына апарады.

— Міне, міне, солай.

— Тағы, тағы.

— Аяғына дейін, бәрекелде-е.

ҚАМАЖАЙ: Уфф.

ТЕМІРБЕК: Ал, енді ауыр артиллерияға сөз берейік. *(Қолына арақты алып, қарындастарына қарайды)*. Сен де қылғытып салғансың ба?

НӘЗИЛА: Ім-ім. Ауыр артиллериядан маған да құй. Қазір үйренбесем, кейін кеш болады.

КАМА: Жоқ. Бұл қыздың тәртібінің маған ұнайтын түрі жоқ.

НӘЗИЛА: Қазіргі заманда жұрттың бәріне бірдей ұнай беру мүмкін емес.

ТИМУР: На-аз. Доғар енді.

НӘЗИЛА: Мен басы артық сөз айтып қойдым ба? Кешірім өтінемін.

СВЕТЛАНА: Ал, жігіттер, қыздар. Мына тосты жігіттің сұлтаны Сұлтанның бақыты үшін алғым келеді. Бәрекелде. Түгел алыңдар. *(Қамажай бәйек боп, бәріне тамақ сап беріп жатыр)*. Алыңдар, алыңдар. Ұялмаңдар. *(Кәмила Темірбектің иығына басын қояды)*. С тобой как хорошо.

ҚАМАЖАЙ: Сіңлім, шай ішші. Басың ауырып отыр ма?

КӘМИЛА: Жо-жоқ. Я так хочу.

ТЕМІРБЕК: Котенок мой, маленький. *(Иығынан күшақтайды)*.

НӘЗИЛА: Ағамыз ақырында мысық алып тынатын болды.

ҚАМАЖАЙ: Ә... Мейлің, мейлің... Ауырмасаң... ауырмасаң болты.

КӘМИЛА: Тим. С тобой как хорошо...

НӘЗИЛА: Әпке, сіз температурасы көтерілген адамды ғана ауру деп санайсыз ба? Махаббат та ауру. Одан да адамның қызуы көтеріліп, қан қысымы жоғарылайды.

ТЕМІРБЕК: На-аз. Не болған саған. Тоқтат енді.

НӘЗИЛА: Жоқ, тоқтатпаймын. Әпкемен, мына өз үйіңнің шаңырағынан, қарындастарыңнан ұялсаң етті. Өз туыстарыңның алдында бұл күнә.

ҚАМАЖАЙ: Қой, қой деймін, Нәзила. Теміржанның достарының көңіліне тиме.

НӘЗИЛА: Олар бізді неге сыйламайды?

СВЕТЛАНА: Сіңлім, сен қонақжай емес екенсің.

НӘЗИЛА: Солай ма? Онда кешіріңіз. Сіздерге барлық жағдайды жасап, жарықты сөндіріп шығып кетсек қайтеді?

Көршілерге барып, қонып, таңертең бір-ақ келсек, сонан соң сүт қосып шай берсек. Сонда қонақжай қыз болам ба?

КӘМИЛА: Тимур, сен сау бол. Мен кеттім. Сенің туыстарына ұнамайды екем...

ТЕМІРБЕК: Кама, тоқта.

Үйден бәрі шығады. Гитарасын қасақана гарьлдатып, Сұлтан шайқала басып, есікке беттейді.

ТЕМІРБЕК: Тоқтаңдар, тоқтаңдар деймін, Сұлтан, Светлана.

Үйде өздері ғана қалады. Төртеуі төрт бұрышта сілейіп тұр. Есік алдында Тимур.

ҚАМАЖАЙ: Не боп кетті, құдай-ау. Өң мен түстей. Теміржан, қарындасынның балалығын кешір. Япырым-ай, әуре боп жасаған тамақты да іше алмадыңдар ғой.

ТИМУР: Құрып қалсын тамағың.

НӘЗИЛА: Әпке-е, мынау тағы да күнәға батты.

ТИМУР: Жоғалт әрмен көзіңді. Үй-и, осы қыздың қырсығы өтіп болды-ау. Тіліңді ыстық темірмен қарысам ба екен.

НӘЗИЛА: Сен "язык отварной" жасаймын деп едің ғой. Онда "язык жареный" болады.

ТИМУР (*жер тепкілен*): Тоқтат деймін, тоқтат. Қылығындырып, қылығындырып өлтіремін, білдің бе? Қоздыра берме менің ашуымды. Қоздыр-ма.

НӘЗИЛА: Енді тісіңді қайрасаң, тіпті қатып кетеді.

ТИМУР: Әй, сайтан алғыр. (*Оған тап береді. Нәзила басқа бөлмеге қашып кіріп, есікті тарс жауып алады*). Қашан күйеуге тиіп, қарасын батырар екен осы.

ҚАМАЖАЙ: Туған қарындасына солай деп айта ма екен, Теміржан-ау.

НӘЗИЛА (*ішкі жақтан дауыстан*): Мен аспирантураны бітірмей тұрмысқа шықпаймын. Ал, қазір институттың төртінші курсыңда ғана екенімді білетін шығарсың.

ҚАМАЖАЙ: Нәзила, жетеді ғой, сөз таластыра бермесейші.

ТИМУР: Мұндай боларын білгенде, мен жолдастарымды үйге ертіп келмей-ақ, кафеге апарып сыйлайтын едім. Енді олардың бетіне қалай қарамақпын. (*Kuimін киегі*).

ҚАМАЖАЙ: Қайда бармақсың?

ТИМУР: Кеттім. Әлгілерді қуып жетуім керек.

Есікті тарс жауып кетегі. Ішкі үйден Нәзила шығады.

НӘЗИЛА: Гауһар, кешірші. Сен әбден жалғызсырап қалдың ғой. Қазір екеуіміз "Ағдәм" шарабын ішеміз. "АҒДӘМ".

ҚАМАЖАЙ: Нәзила-ау, мұның қалай? Өз ағаң ғой. Сонша қарсыласпасаң нетті.

НӘЗИЛА: Білмеймін. Мен дұрыс жасамаған да шығармын. Бірақ, әлгі қыздың тым еркінсіп, ұят-аятты естен шығарып бара жатқаны жыныма тиді. "Я так хочу", — деп Тимурды құшақтап апты. "Котенок мой", — деп бұл да өліп бара жатыр.

ҚАМАЖАЙ: Әйткенмен, ренжіп кетті-ау. Қазіргі жастарға ескерту жасасаң да жақпайсың.

Ыдыстарын алып, ас үйге кіріп кетегі.

ГАУҒАР: Біраз уақыт боп қалды. Мен қайтайын.

НӘЗИЛА: Қона кетсеңші.

ГАУҒАР: Басқа бір уақытта... Қызық болды-ау, өзі. Осының бәріне мен кінәлі сияқты сезіндім де отырдым.

НӘЗИЛА: Бөлмелерінде бәрібір бүгін ешкім жоқ қой. Екеуіміз әңгімелесейік.

ГАУҒАР: Бүгін жалғыз жатқым кеп тұр.

Қамажайдың інісі, аспирант Омар кірегі. Гауһармен бас иезп амандасып, портфелін қояды.

ҚАМАЖАЙ: Түү, Омар-ау, таңертең кеткеннен енді келдің бе? Әбден қарның ашқан шығар. Жуған матадай боп-боз боп кетіпсің ғой.

ОМАР: Дұрыс айтасыз. Таңертеңнен бері дым сызған жоқпын. Кітапханадан шығуға мұршам болмады.

ҚАМАЖАЙ: Денсаулығыңды бұзып алмасаң жарар еді. Тамақ ысытайын.

ОМАР: Жо-жоқ, сіз олай әуре болмаңыз. Байқауымша, бұл үйде қонақтар боп кеткен сияқты. Демек, сіз менсіз де шаршаған болуыңыз керек. Маған екі стакан... тіпті, бір стакан ыстық сүт болса жетеді. Қалғаны осы жерден де табылатын сияқты.

Қамажай шығып кетегі.

НӘЗИЛА: Қалай, диссертация бітуде жақын ба?

ОМАР: Ім-мм, жақын, жақын. Тіпті, дайын деуге де болады. Бірақ өзге ғалымдарға ұнағанымен, өз көңілім қанағаттанбайтын сияқты.

НӘЗИЛА: Осы уақытқа дейін қанағаттанбайтын не деген көңіл ол?

ОМАР (*ашуланып, көзілдірігін түзен*): Есінде болсын, сен менің ішкі жұмысыма араласпа. Бес жыл ма, он жыл ма, тіпті өмір бойы ма, ойлаған мақсатына жете алмасаң, көңілің қанағаттанбайды. Және мен ғылыми атақ үшін ғана тіршілік етіп жүргенім жоқ.

НӘЗИЛА: Ом, айтшы, бақыт деген не? Біз әлгінде осы тақырыпта дискуссия өткізіп, көп таластық.

ОМАР: Айтайын. Бақыт дегенді әр адам әр түрлі түсінеді. Диалектикалық материализм тұрғысынан келетін болсақ, бақыт деген...

НӘЗИЛА: Ом, біз мұны институтта да оқып жүрміз. Сенің өз топшылауың қалай?

ОМАР: Әр адамның жеке топшылауы дегенге мен түсіне алмаймын. Өйткені, белгілі бір қорытындыға келу үшін адам өз өмірінде басынан өткерген оқиғалар мен өзге адамдардың жалпы тіршілігін, санасын ойша таразылап, оны диалектикалық заңдылық арқылы топшылауы тиіс. Және оны жалаң ұғымға емес, ғылыми ұғымға негіздеген жөн. Жер бетіндегі ең прогресшіл, бірден-бір дұрыс ілім — марксизм. Демек, әрбір сұрақтың шешімін табу үшін белгілі бір ғылымға сүйену керек. Сонда ғана дұрыс жауап ала аласың.

НӘЗИЛА: Иә, сонымен. Тоқ етерін айтшы.

ОМАР: Сонымен, тоқ етерін айтсам, бақыт дегеннің өзін бірнеше салаға бөлуге болады. Семьядағы, қызметтегі, махаббат, тағы, тағылар саласында. Осының бәрін синтездеп келген соң, сол жеке адамның өмірі мен қоғам мүддесіне, оның ішкі-сыртқы саясатына, халықаралық аренадағы беделіне көз жіберу керек. Қоғамсыз адам жоқ. Демек, әрбір адамның қуанышы, күйініші, мүддесі өзі өмір сүріп отырған қоғам мүддесімен сәйкес келіп, өз тіршілігінде іздеген мақсатына жетсе, немесе соған жету жолында аянбай күрес жүргізсе, оның өмірі — бақытты өмір. Қорытып айтқанда, бақыт деген — жеңіс немесе жеңіске апарар күрес.

Қамажай кірегі. Үш стакан сүті бар погносты Омардың алдына қояды.

ҚАМАЖАЙ: Бос сөзбен Омардың миын қатыра бермеші. Онсыз да ол қалжырап келеді.

НӘЗИЛА: Жарайды, екеуінізбен де келістім. Бірақ Омға қоятын тағы бір сұрағым бар. Айтшы, көп ізденетін жас ғалым. Әрі жас, әрі көрікті қызды үйіне жалғыз қайтарғанда өзін қалай сезінеді?

ГАУҒАР: Нәзила, сенің мұның не? Мен өзім-ақ қайтамын ғой. Троллейбустың аялдамасы үйдің дәл іргесінде емес пе? Тура жатақханаға апарарды.

ОМАР: Ім-мм. *(Даусын қырпап)*. Ім-мм, әрине, бұл ешқандай ілімде көрсетілмеген. Бұл жеке адамның ішкі тіршілігі. Қыз баланы түнде жалғыз қайтаруға болмайды. *(Киіне бастайды)*.

ГАУҒАР: Қойыңыз, әуре болмаңыз. Түу, Нәзила-ай, сен де қайдағыны шығарасың. Мұндай боларын білгенде мен бағана-ақ кетіп қалатын едім ғой. Сіз тамағыңызды ішіп алсаңызшы.

ОМАР: Мен сіздің қайтқалы тұрғаныңызды байқамаппын. Аңғырттық дегеннің өзі адам өміріне көп кесірін тигізеді. Жүріңіз. *(Сөзін жалғастырып, сыртқа беттейді)*. Ал, байқамаған нәрсеңді еске түсірген адамға осындай сәтте шын риза екеніңді жасырмауың керек. Бұл ретте мен өз қарындасыма рақметімді айтамын. *(Есіктен шығады. Есік жабылған соң да Омардың даусы естіліп тұрады)*.

— ...Диалектикалық материализм тұрғысынан қарағанда, қыз баланы үйіне апарып салу деген... *(Телефон шырылдайды)*.

ҚАМАЖАЙ: Алло. Мен ғой. Жай, өзіміз. Не істеп отырушы едім, балаларға тамақ беріп... Енді ыдыс-аяқ жууға кіріскелі жатырмын. Нәзила ма? Қолдары тимейді, сабақтары ауыр ғой. Өзімнен артылатын тірлік те жоқ. Не? Концерт? Мүсілім Магомаевтың? Маған билет ап қойдың ба? Ой, көп рақмет. Жол-жөнекей бізге соға кет, бірге шығайық. Жарайды, сау бол.

...

Қамажай еген жуып жүр. Шүберегін сығып, шелегін

көтере бергенде, үйге Тимур кіріп келеді. Әлі ренжүлі. Шкафты ашып ақ көйлегін, костюмін киеді.

ҚАМАЖАЙ: Қайда жиналдың? Тамақ ішпейсің бе?

ТИМУР: Жаңа асханадан ішкенмін. *(Галстугын байлайды).*

ҚАМАЖАЙ: Жұмыстан шаршап келеді деп...

ТИМУР: Рақмет.

ҚАМАЖАЙ: Омар Ленинградқа ұшады екен. Жетекшісі шақыртыпты.

ТИМУР: Тағы да ақша құртады десеңші.

ҚАМАЖАЙ: Өз стипендиясы өзіне жетеді ғой...

ТИМУР: Жолына жетер. Онан соң не істемек?

ҚАМАЖАЙ: Енді... бір мәнісі табылар. Диссертацияны абыроймен қорғап шықса...

ТИМУР: Әй, қайдам. Көп болды сандалғанына. Платон болам деп жүр ме екен?

ҚАМАЖАЙ: Платон болмаса да, азамат болар. Ағаң ғой, әйтеуір.

ТИМУР: Бір жолдастың үйіне баруым керек еді. Қолын тисе, мына костюмді үтіктеп қойшы.

ҚАМАЖАЙ: Ойымнан шығып кетіпті ғой...

Тимур бәтеңкесін қолына алып, әрі-бері қарайды.

ТИМУР: Жұртқа көрсететін жөнді бәтеңкем де жоқ екен ғой, өзі.

ҚАМАЖАЙ: Ертеңгі айлығына алайық. Өзің таңда... Несі бар?

ТИМУР: Ертеңгі жалақымды қарызыма берем.

ҚАМАЖАЙ *(селт етіп)*: Қарыз. Қарызы несі? Оны неге алып жүрсің?

ТИМУР: Ә-ә... Бір шаруаға қажет боп қалып еді...

ҚАМАЖАЙ: Бір шаруаға... Омар Ленинградқа жүретін еді...

ТИМУР: Жүрсе қайтпекпін? Естідім ғой, естідім ғой, неменесіне қайталай бересің? Барсын...

ҚАМАЖАЙ: Барады ғой, барады... Неге зіркілдейсің? Не боп кеткен саған, бұрын мұндай мінезің жоқ еді ғой. *(Нәзила мен Гауһар кіреді. Екеуі де көңілді. Тимурды көріп, күлкілерін тия қояды).*

НӘЗИЛА: Ә, сен үйде ме едің? Жұмыстан қашып жүрсің бе?

ТИМУР: Иә, қашып жүрмін.

НӘЗИЛА: Сыртта әнеутүнгі бас ауруы бар қыз күтіп отыр.

ТИМУР: Мені кім күтіп тұрғанында шаруаң болмасын.

НӘЗИЛА: Үстіндегі көйлегі ғажап екен. Біздің атымыздан құтты болсын айта бар. Гауһар екеуміз маркизетке жете алмай жүрсек, ол шифоннан тіктіріпті. “Байлық не дегізбейді, жоқшылық не жегізбейді”, – деген осы ғой.

ТИМУР: Иә, солай.

Есікке беттейді. Нәзила сықылықтай күліп, оған сіріңке ұсынады.

НӘЗИЛА: Мә, сіріңке ала кет (*Лақтырады*).

ТИМУР: Оны қайтем?

НӘЗИЛА: Бізді әуелгіде танымай қалып, темекі тұтату үшін сіріңке сұраған.

ТИМУР (*ойланып тұрып, жергегі сіріңкені алады*): Қыршаңқы (*Шығып кетеді*).

НӘЗИЛА: Бүгін күн қандай тамаша. Әпке, бізбен бірге қыдырсаң қайтеді? Институттың қырық жылдығын атағалы жатырмыз. Алматы телестудиясы арнайы хабар жүргізеді. Бүгін репетиция болады. Солардың ішінде бір комментатор жігіт бар екен. Сол жігіт біздің Гауһарға ғашық боп қалды.

ҚАМАЖАЙ: Бір-ақ күнде ме?

НӘЗИЛА: Жо-жоқ, он бес минуттың ішінде.

ГАУҒАР: Рас, рас. Менің адресімді сұрады. Ол, ол ма, хабар жүргізгенде мені көбірек көрсетуге уәде берді. Бізбен бірге болсаңыз, комментатордың маған деген ықыласының арқасында бүкіл республикаға көрінесіз. Рас айтам.

ҚАМАЖАЙ: Солай деңдер (*Қыздарға қосылып, ол да күледі*). Одан қашан қайтасындар?

ГАУҒАР: Түнгі сағат оннан қалмаймыз.

ҚАМАЖАЙ: Мен бармай-ақ қояйыншы. Комментаторларына ұнамай қалсам, сендерді де көрсетпей қояр. Үйде болайын.

НӘЗИЛА: Шынымен, бармайсыз ба?

ҚАМАЖАЙ: Жоқ, өздерің-ақ бара беріңдер.

НӘЗИЛА: Олай болса... (*Шкафқа барып, көйлегін алады*). Мынаны бар ғой, ә, бүрмесін ұзартып, білдірмей қайта тіге

салыңызшы. Ертең театрға осыны кимесем, басқа көйлегім жоқ қой.

ҚАМАЖАЙ: Жарайды, жарайды.

НӘЗИЛА: Әпке десе, сен ренжіп тұрған жоқсың ба?

ҚАМАЖАЙ: Мен бе? Мен не деп ренжимін? Денің сау ма?

НӘЗИЛА: Алтын әпкесінен сол *(Бетінен сүйіп, екі қыз шығып кетеді)*.

Қамажай шкафтан Тимурдың костюмін алып, тазалай бастайды. Үтікті қыздырып, дәкені сулап жүргізе бергенде, сырттан Ермек жылап кіреді. Ол үтікті тастай салып, інісіне жүгіреді.

ҚАМАЖАЙ: Құлыным, не болды, кім тиді саған, ә?

ЕРМЕК: Марат ұрды.

ҚАМАЖАЙ: Ол сені неге ұрады?

ЕРМЕК: Ол айтады, менің папам әскери ұшқыш дейді.

ҚАМАЖАЙ: Несі бар, оның папасының әскери ұшқыш екені рас.

ЕРМЕК: Мен айттым, менің де папам әскери ұшқыш дедім.

ҚАМАЖАЙ: Иә, ол да ұшқыш. Бірақ ол... Мараттың папасындай әскери ұшқыш емес.

ЕРМЕК: Неге?

ҚАМАЖАЙ: Құлыным-ау, жұрттың бәрі әскери ұшқыш бола бере ме? Жарайды, шешініп, тынығып ал. Далада күн шыжып тұр. Саған қазір салқын компот берейін.

ЕРМЕК: Жоқ, ішпеймін.

ҚАМАЖАЙ: Неге?

ЕРМЕК: Сен шыныңды айтпасаң, ештеңе де ішпеймін.

ҚАМАЖАЙ: Ермекжан, сен не деп отырсың? Менің саған нені айтуым керек?

ЕРМЕК: Марат айтады, папаң сендерді тастап кеткен дейді. Ол ешқандай да ұшқыш емес дейді. Ол өтірік айтады ғой, ә?..

ҚАМАЖАЙ: Кейін, кейін түсінесің, құлыным. Кейін, кейін...

Оны құшақтаған күйі басқа бөлмеге алып кетеді. Стол үстіндегі үтік қатты қызып, түтін шыға бастайды. Үйге кеше телефонмен сөйлескен Көрші әйел сөйлей кіреді.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Кешіктім-ау деймін. Әлгі балшық боп кеткір, байы құрғыр командировкаға барам деп... Барсаң, бар дедім. Мен де бір бейзабраз боп... Әй, Қамажай, ойбай, өрт қой мынау...

ҚАМАЖАЙ: Бұл үйде ешқандай да өрт жоқ.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Қайдан білейін... Басы бос әйел ерсіз аттай секемшіл келеді. Ей, саған не болған, ұйықтап тұрғаннан саумысың?

ҚАМАЖАЙ: Жана Ермек даладан жылап келіп...

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Өзің де қосыла ұйықтап кеткенсің ғой.

ҚАМАЖАЙ: Иә, қосыла ұйықтап кетіппін.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Шаршайсың. Себебі... Себебі, бұл үйде батарей жоқ, батарей. Батарей – ол еркек. Қанша маубас болғанмен, еркек жарықтық – батарей. Ойбүй, "Сасқан үйрек артымен сүңгір деген". Ал, жинал. Кешігіп қалармыз.

ҚАМАЖАЙ: Қайда?

ӘЙЕЛ: Концертке де. Мүсілім Магомаев бізге жыл сайын келе береді дейсің бе? Ой, шіркін-ай, десе дегендей-ақ өзі. Телевизордан көргенде, алла-ай, жүрегім дірілдейді-әй.

ҚАМАЖАЙ: Ә-ә, концерт бар екен ғой. Мүсілім Магомаев. Иә, иә...

ӘЙЕЛ: Не болды саған?

ҚАМАЖАЙ: Жай бір... басым ауырып... мазам болмай тұрғаны.

ӘЙЕЛ: Концертке ше?

ҚАМАЖАЙ: Жоқ, бара алмаймын. Көңіліңе рақмет.

ӘЙЕЛ: Қап, ыңғайсыз болды-ау.

ҚАМАЖАЙ: Неге ыңғайсыз?

ӘЙЕЛ: Жасыратын не сыр бар... Мен... мен кеше бір кісіге... Кісіге емес, бір жігітке уәде беріп ем. Билетті алған да сол бейбақ. Сені концертте таныстырмақ ем. Келмейтініңді естіп қатты қапаланатын болды ғой.

ҚАМАЖАЙ: Япыр-ай, тіпті, қапаланар күйге де жеткен бе? *(Кекесінді түрде)*. "Білмеген адам у ішеді" деген осы ғой. Бұлай боларын байқамай қалдым. Күні бұрын кешірім өтінемін.

ӘЙЕЛ: Амал қанша? Мен Алмаға телефон соғайын. Өкпелеп қалып еді *(Телефонға жетіп барып, бұрай*

бастайды). Алло, өзің бе-ей? Қамажай қапұт болды. Такси ұста да, тез сарайға жет. Иә, иә, тура қазір. Ой, құрысыншы, күйеу, күйеу деп. Екі сағат балалардың қасында отыра тұрса, қатын боп қалмас. Ал, шық тез. Бақытың бар екен, ә? (Қамажайға қарап). Мен кеттім. Жақсылап шай іш. Концерттен шыққан соң кіре кетермін.

ҚАМАЖАЙ: Жолың болсын.

Әйел шығып кетеді. Қамажай костюмді орындықтың арқалығына кигізіп, сіңлісінің көйлегін алады.

ҚАМАЖАЙ (өзіне-өзі): Концерт... Бақыт...

Көйлектің тігісін сөгіп, іс тігетін машинаға отырып, сырылдатып жүргізе жөнеледі.

...

Тимур кіреді. Асығыс. Қамажай оның алдына жүгіріп шығады.

ҚАМАЖАЙ: Темір, Теміржан. Кешірші мені. Әлгінде, Ермек даладан жылап келіп...

ТИМУР: Мамуля, не боп қалды?

ҚАМАЖАЙ: Соны жұбатам деп жатқанда...

ТИМУР: Түү, айтсаңшы тезірек, менің бір минут та уақытым жоқ. Костюмді үтіктеп қойдың ба?

ҚАМАЖАЙ: Жоқ... иә... жоқ... Бүлдіріп алдым...

ТИМУР: Бүлдіргені қалай?

Орындық арқалығынан костюмін алып, күйген жерін көреді

ҚАМАЖАЙ: Солай болды. Есімнен шығып...

ТИМУР: Көшеге киетін жалғыз костюмімді ақыры өртеп тындыңдар ма? Енді қайтемін?

ҚАМАЖАЙ: ...Алармыз.

ТИМУР: Алармыз, көрерміз, бір мәнісі табылар... Немен аламыз, немен көреміз, бір мәнісі қалай табылады? Бір туфли ала алмай жүргенде...

ҚАМАЖАЙ: Қайтемін, әдейі істеген жоқпын ғой...

ТИМУР: Ал, бүгін немді кием? Жиынға майкамен бармақпын ба?

ҚАМАЖАЙ: Омардың костюмін кие тұр.

ТИМУР: Сонда, Ленинградқа ол майкамен кетсін бе?

ҚАМАЖАЙ: Құдай-ай, енді не істесем екен. Білдірмей жамап берейін.

ТИМУР: Жамап? Енді жамау костюм киюім қалған екен ғой. Түу, осы үйден бір береке таппай-ақ қойдым-ау.

ҚАМАЖАЙ: Неге олай дейсің? Береке таптырмай жүрген кім саған? Аузыңа не келсе, соны айта салатыныңды қайдан шығарғансың?

ТИМУР: Жалғыз костюмім жанып кетсе, енді не демекпін?

ҚАМАЖАЙ: Жанбаса – құрып кетсін. Костюм, костюм деп төбемді оятын түрің бар ғой. Керек болса, баратын жеріңе жалаңаш бар. Мен бір әдейі өртегендей... "Осылар ренжімесін", "Осылар қабақ шытпасын", – деп жар құлағым жастыққа тимей жүргенде, естір сөзім осы ма? Даладан ашуланып келсеңдер – маған зіркілдейсіңдер, қуанып келсеңдер – маған еркелейсіңдер. Ал, мен кімге ұрысам, кімге еркелеймін (*Жыламсырап*). Мен де... адаммын ғой. Көңіл жырту мата жыртудан да оңай ма сендерге. Ал, кет басыңның ауған жағына. Кет.

ТИМУР: Қит етсе, көзінің жасы дайын тұрады бұлардың. *Костюмін қолына алып, әрі-бері қарайды. Қолын бір сілтеп, қайта орнына қояды. Телефон шырылдайды.*

ТИМУР: Аллоу, а-а, Кама. Қазір, қазір. Бір шаруаға алданып қап шыға алмай жатырмын. Ал, ұштым.

Трубканы орнына қояды. Қамажай шығады. Ашуы тарқаған.

ҚАМАЖАЙ: Қайда кеттің тағы? Қашан келесің?

ТИМУР: Мүмкін, келмеспін. Мені күтпей-ақ тамақтарыңды іше беріңдер.

ҚАМАЖАЙ: Теміржан, байқа, төбелестен аулақ жүр...

Көпші әйел кіреді. Көңілді.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Қалай, бас қалай?

ҚАМАЖАЙ: Қойған сияқты. Концерт жақсы өтті ме?

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Айтпа дейім. Халық деген – шыш. Ана – ақ жалдар бар, қара жал – біздер бар. Қошқар көрген саулықтай, әй, манырадық кеп. Дауыс... Дауыс деген, аллай, кеуден сыздайды-ей (*Әндетегі*).

ҚАМАЖАЙ (*Чемоданға заттарын салып жатып*): Тағы да келетін шығар.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Қайдан келсін. Енді Римге кетеді. Одан Испания асады. Жұрттыкі сол. Барам дейді – барады, алам дейді – алады. Біз сорлы ғой қонырсыған қолансаның қасында

"мияу-мияу" деп... Әй, мұндай өмірдің өлігіне... Ойбай, астапырала.

ҚАМАЖАЙ: Амал қанша. Дарын деген баршаға бөліп шашылатын несібе емес.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Алла-ай, ылғи маған қарап айтты-ей. Тесіліп тұрып төккенде бүйрегіннен қыл суырғандай болады. Әй, ит өмір-ай. Айтпақшы, әлгі жігіт дұғай-дұғай сәлем айтты. Сені келмейді дегенде, мәселен, менің алдымнан Мүсілім шыға келсе, қандай болам, сол сияқты сілейді де қалды.

ҚАМАЖАЙ: Сол күйі әлі тұр ма екен байғұс.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Күлме досқа...

ҚАМАЖАЙ: Келер басқа демексің ғой.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Иә, келмегенде не қалды. Алла-ай, тұр мынау, кеуде мынау, ерін мынау... әй, ит өмір-ай. Сенің орнында мен болсам, үйі, шіркін-ай. Өзің де қызықсың. Қаңтарылып тұрмады деп... Қашанғы тұрсын.

ҚАМАЖАЙ: Күте алмаған адамның маған да керегі жоқ.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Құдай біледі, Қамажай. Тән қиналса, ой тозады. Сенікі сол... Шіркін, жігіттің сұлтаны ғой. Мүсілім емес, сенікін айтам. Концерттен шыққан соң кафе бардық. Әй, шампандаттық кеп. Қасымызда Алма болды.

ҚАМАЖАЙ: Ә-ә, Алма бар екен ғой. Неге ерте қайттыңдар?

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Ә-ә, қойшы. Сен болмағасын. Минусы болмағасын, плюсі жүнжіп кетеді екен. А-а, мына чемоданың не? Бір жаққа жүргелі жатырсың ба?

ҚАМАЖАЙ: Омар жүретін еді, Ленинградқа. Диссертациясы жөнінде шақыртып жатқан көрінеді.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Ә-ә. Айтпақшы, сол інің, тіпті, көп созып кетті-ау. Тезірек бітірмей ме?

ҚАМАЖАЙ: Өз қалауы білсін. Менің міндетім – солардың қас-қабағына қарау. Бір білгендері бар шығар.

КӨРШІ ӘЙЕЛ (*сағатына қарап*): Ойбұй, жарайды. Мен қайтайын.

Ол есікке беттей береді.

ҚАМАЖАЙ (*батылсыз*): Айтпақшы... сенде...

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Иә, айта бер.

ҚАМАЖАЙ: Артық-ауыс ақша жоқ па?

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Өткен жолы беріп едім ғой.

ҚАМАЖАЙ: Иә, есімде ғой. Тағы бір қажет боп тұрғаны. Інім он күнге жүріп бара жатыр. Ақшасының жол қаражатынан артылмайтын түрі бар.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Ол жағынан ұяттымын. Әлгі командір қақбас ақшаға қатал боп алды. Машина ауыстырам деп, шапқылағанына біраз болды емес пе? Кеше гортортан қағаз кепті. Командировкасынан келе сап ақшаны дайындау керек деп отырған. Әлі мың сомдайы жетпейді. Өзіміз қарыз сұрағалы отырмыз. Әйтпесе, сенен аямайтынымды білесің ғой.

ҚАМАЖАЙ: Иә, иә... мейлі, жоқ болса, қинап қайтемін. Бірдене етіп барып қайтар.

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Солай боп тұр. Ал, сәлөт.

ҚАМАЖАЙ (жай ғана): Салют...

КӨРШІ ӘЙЕЛ: Әй, концертке бармағаныңды айтсаңшы (Әңдетіп шығып кетеді).

Телефон шырылдайды.

ҚАМАЖАЙ: Алло.

ҚАБЕН: Мен ғой. Саламатсың ба?

ҚАМАЖАЙ: Ә-ә... Сен бе едің. Саламат па?

ҚАБЕН: Даусың сынық қой, ауырып тұрған жоқсың ба?

ҚАМАЖАЙ: Жоқ. Үй тіршілігінен шаршағандық шығар.

ҚАБЕН: Өткен жолы неге келмедің?

ҚАМАЖАЙ: Мен бе?.. Мен... Келдім.

ҚАБЕН (күліп): Неге алдайсың? Мен екі сағат күттім ғой.

ҚАМАЖАЙ: Мен келсем, сен ұзап кетіп қалыпсың.

ҚАБЕН: Шынымен бе? Шынымен, сен келдің бе?

ҚАМАЖАЙ: Иә, мен барсам, сен жоқсың.

ҚАБЕН: Жоқ, сен жоқсың.

ҚАМАЖАЙ: Сен жоқсың.

ҚАБЕН: Онда, мен бүгін дәл сол уақытта тағы келемін. Осы сөзің рас болса, шығамын деп уәде бер.

ҚАМАЖАЙ: Иә.

ҚАБЕН: Қамажай. Не дейсің, тағы айтшы. Шынымен шығасың ба? Қайта айтшы деймін.

ҚАМАЖАЙ: Иә, иә. Шығамын.

ҚАБЕН: Қашан?

ҚАМАЖАЙ: Ертең.

ҚАБЕН: Сағат қаншада?

ҚАМАЖАЙ: Кешкі сағат жеті мен таңғы сағат төртін арасында.

ҚАБЕН: Сонда... тоғыз сағат бойы бір орында күтіп тұрайын ба?

ҚАМАЖАЙ: Егер күткің келсе.

ҚАБЕН: Жарайды. Келістім. Таңға шейін күтем. Тек келсең болғаны...

...

Үйге Омар, Нәзила, Гауһар, Қамажай кіріп келгенде, Нәзила орнынан ұшып тұрады.

НӘЗИЛА: Жолдастар (Қамажай аңырып тұрып қалады). Біздің әпкейдің жеке мәселесін қарауға арналған үй жиналысын ашық деп жариялаймын. Түрлі себептермен жиналысқа екі адамымыз қатыса алмай отыр. Тимур қызбен кездесуге кетті. Ермек, түнгі сағат он бір болғандықтан, жиналысқа қатыса алмайтынын мәлімдеп, ұйықтауға кетті. Жиналыс ашық дегендеріңіз қол көтеріңіздер (*Өзі бастап бәрі қол көтереді*).

ҚАМАЖАЙ: Ойбай-ау, сендердің... бұларын не? Мен... сәл... Кешігіп қалғаным...

НӘЗИЛА: Жолдас Оспанова, отырыңыз.

ҚАМАЖАЙ: Мыналардың дені сау ма-ей. "Оспановасы" несі? Әпке, немесе әлгі мамуля демеуші ме едіңдер?

НӘЗИЛА: Сіз бұл жайында өзіңізге сөз берілгенде айтасыз. Сонымен іске кіріселік. Осы шаңырақтың белді мүшесі, әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге семья мүшелерімен ақылдаспай, өз бетіне жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырғаны белгілі. Бұл мәселе жөнінде кімнің қандай ойы бар?

ГАУҲАР: Мен Қамажай апайдың ертеңгі жұмыс күнімен құттықтаймын. Бірақ, бізге айтпағанына өкпелімін.

ОМАР: Ғылыми тұрғыдан қарағанда, әрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да, пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам — адам ойының жемісі. Қол еңбегі мен ой еңбегінің арасында айырмашылық жойылып, еңбекті

творчество деп қарауға қалыптасып келе жатқан жаңа психологияның тұсында...

НӘЗИЛА: Сіз халық университетінде лекция оқып тұрған жоқсыз, сондықтан нақты сөйлеңіз.

ОМАР: Ғылымға негізделмеген дәлел әлсіз болады, сондықтан сіздерге түсініктірек болсын деп...

НӘЗИЛА: Иә, әйтеуір, тез айтып болшы.

ОМАР: Бұл кісінің жұмысқа орналасуы заңды, бірақ біз үшін тым күтпеген жай. Демек, біздің семьяда шығын көп те, кіріс аз деген сөз. Бұл кісі финанс тапшылығын ескеріп, ұлттық табысқа өз үлесін қосуды ойлаған. Өзіміздің әлсіздігімізді, финанс тапшылығын сезіну – бізге рухани соққы. Ал, бұл кісінің әйтеуір, бір кезде қоғам өміріне араласуы тиіс екенін ескеріп, кәсіп таңдау жағына өз басым қарсы екенімді білдіремін. Бұл мәселені өз қабырғамызбен кеңірек ойласып, жедел шешім қарастыру керек.

НӘЗИЛА: Болдың ба, әйтеуір?

ОМАР: Болдым.

НӘЗИЛА: Онда тезірек отырыңыз.

ҚАМАЖАЙ: Е-е, міне, гәп қайда? Сендер менің жұмысқа орналасуымды намыс көріп отыр екенсіңдер ғой. Бұларын дұрыс емес. Сонда, мен үйде қол қусырып отыра бермекпін бе?

НӘЗИЛА: Жоқ, сіздің кондуктор боламын дегеніңіз ұнамайды.

ГАУҺАР: Иә, иә.

ОМАР: Иә, иә.

ҚАМАЖАЙ: Бұларын дұрыс емес. Жұмыстың жаманы жоқ. Оның үстіне, ай сайын 120 сом алып тұрсам, біз үшін тым артық бола ма? Ермекжан есейді. Үйде өзі қала тұрады. Кейде өзімен бірге алып кетермін. Биыл мектепке барады. Ұзартылған күн деген бар екен ғой, соған берерміз.

Үйге Тимур мен Сұлтан кіреді.

СҰЛТАН: Саламатсыздар ма?

БӘРІ: Саламатсыз ба?

ҚАМАЖАЙ: Түн жарымында қайдан жүрсіңдер? Түрлерің қату ғой, тыныштық па?

СҰЛТАН: Тыныштық. Өткен жолы ұятты боп қаппыз. Сіздерден кешірім өтінемін.

ҚАМАЖАЙ: Иә, айып бізде де бар. Үйге келген қонақты қуып шыққандай болдық. Қарындасың балалық жасаса кешірерсің. Отырындар, неге состиып қалғансыңдар? Қазір шай қоямыз.

НӘЗИЛА: Сіздің ерте тұрып жұмысқа баруыңыз керек қой. Ұйықтамайсыз ба?

ҚАМАЖАЙ: Жұмыссыз-ақ ерте тұруға үйренгенмін ғой.

ТИМУР: Жұмыс? Ол не жұмыс?

НӘЗИЛА: Сіздің мамуяңыз, құрметті тақсыр, ертеңнен бастап жұмысқа шығады. Автобустың кондукторы. Айлығы жаңа ақшамен 120 сом. Тоқсан сайын қосымша төленетін сыйлық ақшасы тағы бар.

ТИМУР: Мамуля, рас па?

ҚАМАЖАЙ: Рас, рас.

ТИМУР: Ал, біз ше?

ҚАМАЖАЙ: Бізі несі? Онда не болушы еді?

ТИМУР: Біз дегенім... ім... ім-м.

ҚАМАЖАЙ: Әй, сендерге не болған? Сөздеріңде береке жоқ қой. Бір нәрсені бүлдіргеннен саусыңдар ма?

ТИМУР: Мамуля... Біз... мен үйленемін.

ҚАМАЖАЙ: Үйленемін?..

СҮЛТАН: Иә, үйленеді.

НӘЗИЛА: Осыған жетіп тыңдым де... "Прощай, оружие".

ҚАМАЖАЙ: Кімге?

ТИМУР: Камаға.

Пауза.

НӘЗИЛА: "Котенок мой хороший. Котенок мой курящий".

ТИМУР: Наз. Дәл қазір қалжыңдайтын ретің жоқ. Қойсаңшы.

ҚАМАЖАЙ: Мен... мен не дейін. Бақытты болыңдар. Бірақ...

ТИМУР: Мамуля. Ом. Наз. Гауһар — сен де. Сендер, немене, менің үйленгеніме қуанбайсыңдар ма? Бәрі құшақтап... былай... бетімнен сүйіп, құттықтайтын шығар деп алып-ұшып келсем... Қайғылы хабар естігендей тұнжырадыңдар да қалдыңдар. Мен сендерге бөтенмін бе? *(Білегіне маңдайын қойып, қабырғаға сүйенеді).*

ҚАМАЖАЙ *(көзіне жас алып)*: Теміржан, қой, қарағым.

(Келіп оны құшақтап, маңдайынан сүйегі). Сені... сені бөтен деп... Тойды жасаймыз, дүрілдетіп тұрып жасаймыз. Ақша деген табылады...

ТИМУР (басын көтермей): Менің Госстрахта ақшам бар...

ҚАМАЖАЙ: Госстрах?

НӘЗИЛА: Вот страховщик. Зәлімін қарашы-ей өзінің.

ҚАМАЖАЙ: Теміржан, көтер басыңды. Иә, жөнделіп тұр. Тоқтатыңдар күлкіні. Енді, ағанның алдына бар. Ең әуелі соның рұқсатын алуың керек.

ТИМУР: Мен өзім де... солай етейін деп едім. Батылым жетпеді (Омарға жақындайды). Ом, рұқсат бересің бе?

ОМАР (галстугын түзеп): Ім... мм... Семья – кіші-гірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз. Семья басшысының бойында ұстамдылық, көргендік, кешірімділік, мейірбандық сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс. Оған қосымша, семья басшысы нәзік дипломат болғаны да жөн. Егер осы қасиеттер...

ТИМУР: Ом, бұл сенің рұқсат бермеймін деген сөзің емес пе?

ОМАР: Егер осы қасиеттер адам бойында қалыптасқан болса...

ТИМУР: Қалыптасқан.

СҰЛТАН: О-о, қалыптасқан, қалыптасқан. Үш айдан асты.

ОМАР: А?.. Мұндай жағдайда, мен өз тарапымнан інімнің үйленуіне рұқсатымды беремін.

СҰЛТАН: Ура, жолдастар.

НӘЗИЛА: Гип-гип, ура.

ҚАМАЖАЙ: Сұлтан-ау, сонда, той қашан болмақшы. Асығыс емес пе, әйтеуір?

СҰЛТАН: Жоқ, асығыс емес. Дайындалуға уақыттарыңыз бар. Үш күннен соң.

ҚАМАЖАЙ: Үш күннен соң?! Ойбай-ау, асығыс болғанда қандай болмақшы сонда? Енді қайттім? Дайындалу керек, оны-мұны сатып алу керек... Ертең жұмысқа шығатын едім...

НӘЗИЛА: Бір күнге сұранасыз да.

ҚАМАЖАЙ: Шықпай жатып па? Қызық болды-ау, өзі. Телефон соғып ескертейін десем, әлі ешқайсысын

да танымаймын. Ертең ерте тұрып барып айтармын енді.

СҰЛТАН: Сонымен, ертең автобустар кондукторсыз жұмыс істейді.

...

Түн. Бақ ішіндегі сәкіге Қабен отыр. Сағатына қарайды. Темекі тұтатады. Орнынан тұрып, әрі-бері жүреді. Қамажай Қабенге келеді.

ҚАБЕН: Япыр-ай, сен, шынымен, келдің бе?

ҚАМАЖАЙ: Көріп тұрсың ғой.

ҚАБЕН: Кейде өз көзіңе сенгің келмейтін кезің болады екен. Сені көрмегелі қашан. Осы күндердің бәрінде де менімен бірге болдың, Қамажай. Айтшы, сен мені ойладың ба?

ҚАМАЖАЙ: Қолым тимеді.

ҚАБЕН (*күліп*): Міне, тамаша. Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді. Егер қыруар жұмыстан сәл ғана қолың қалт етсе, мені ойлайтын едің ғой, солай ма?

ҚАМАЖАЙ: Тіпті, ол да мүмкін.

ҚАБЕН: Маған осы да жетеді. Мен үшін бұл сөз "сүйемін" деп мың рет айтқаннан да қымбат.

ҚАМАЖАЙ: О, о-о. Сен тіпті, алқына сөйлеп, алыстап барасың ғой. Егер: "Қолым қалт еткенде сені ойлауым да мүмкін", — деген сөзім "сүйемін" деген сөзден мың есе қымбат боп көрінетін болса, онда бар ғой, мен еш уақытта қолымды қалт еткізбеуге тырысамын.

ҚАБЕН: Тамаша. Айта бер, сен қандай сөз айтсаң да, тыңдай беруге дайынмын. Мұнда кеп отыршы. Қамажай, мен бар ғой, мен... қалай айтсам екен... "Жақсы көремін" десем, жұрттың бәрі солай дейді, "сүйемін" десем, оны қазір екінің бірі айтатын болды. Сенің... сенің жұлдызың менімен егіз жаралған сияқты. Сен болмасаң, мен өзімді жалғыз қалған жетім баладай сезінемін. Сенесің бе осыған?

ҚАМАЖАЙ: Е-е-е. Болмайды. Сен мені адастырып барасың ғой.

ҚАБЕН: Болады. Болады, Қамажай. Айтшы, сен бес минут тып-тыныш отыра аласың ба? Жарайды, үш минут.

ҚАМАЖАЙ: Әрине.

ҚАБЕН: Уәде — құдай аты, оны бұзуға хақың жоқ.

Қабен оны құшақтайды. Осылай ұзақ отырады. Қамажайдың қолы дірілдеп, оның шашынан сипағандай болады. Жарық сөнеді.

...

Қабен мен Қамажай есік алдына келіп тоқтайды.

ҚАМАЖАЙ: Міне, енді үйге де келдік. Енді қоштасайық.

ҚАБЕН: Бірнеше күн бойы жолыңды тосқанымда маған арнағаның осы бір-ақ сағат болғаны ма? Біраз жүре тұрсақ қайтеді?

ҚАМАЖАЙ: Жоқ. Мен болмасам кішкентайымыз ұйықтамайды.

ҚАБЕН: Ал... менің... әлгі сөзіме сол күйі жауап бермедің ғой.

ҚАМАЖАЙ: Қабен... ол... ол қиын сияқты. Бір сағатқа қиып тастап кете алмай тұрған інілерімді өмір бақи қалай қиямын. Мен... мен олардың әпкесі емеспін, анам көз жұмған сәттен бастап мен оларға ана болғанмын. Саған үйлену керек... Ал, маған інілерім мен сіңлімді тәрбиелеу керек.

ҚАБЕН: Қамажай, сен уайымшылсың. Қойшы, осындай сөздеріңді. Екеуіміз үй болған соң кішкентай Ермекті қолымызға аламыз.

ҚАМАЖАЙ: Маған қалғандары да кішкентай.

ҚАБЕН: Онда бәрін де қолға аламыз.

ҚАМАЖАЙ (күліп): Жо-жоқ. Ол болмайды. Мүлде қисынсыз.

ҚАБЕН: Қамаштай (Құшақтамақ болады).

ҚАМАЖАЙ: Қой, бала болмайық. Бізге бала болу жараспайтын секілді.

ҚАБЕН: Сен жасыңа жетпей егделікке бой ұрмасаңшы. Кәрілік қайда қашады дейсің?

ҚАМАЖАЙ: Мен сені түсінемін. Бірақ, амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып, әке кетті, талқаны таусылып, шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есеңгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда: "Не болсаң, о бол", — деп өз жөніме мен кетсем, олардың күні не

болмақ? Жо-жоқ, Қабен, кешір мені. Бақытына кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болар. Сау бол. Таңертең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші рет (*Күлегі*). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

ҚАБЕН: Жұмысқа өзім-ақ орналастыратын едім ғой.

ҚАМАЖАЙ: Егер жұмысқа сен орналастырсаң, мен саған борышты боламын. Тұрмысқа шықпаймын деп айту қиын боп қалады.

ҚАБЕН: Мүмкін, әлде де ойланарсың?

ҚАМАЖАЙ: Ойланып болғаным осы.

ҚАБЕН: Тағы да күте тұрайын.

ҚАМАЖАЙ: Жоқ, күтпей-ақ қой. Ал, сау бол. Қош. Қош.

ЕКІНШІ АКТ

Баяғы үй. Барынша қатты қойылған музыка астында жастар биі қыза түскен, ішінде Тимур, Кәмила, Сұлтан, Светлана бар. Би ережесі сақталып жатқан жоқ.

Нәзила мен Гауһар кіреді.

НӘЗИЛА: Мәссаған. Бұл не жынойнақ тағы?

КАМА: Бұл жынойнақ. День хорошего настроения.

НӘЗИЛА: Жоқ жерден мереке ойлап таба қоятын данышпан екенсіңдер ғой.

СВЕТЛАНА: Біле білген адамға, деннің саулығында өтіп жатқан әрбір күн – мереке.

НӘЗИЛА: Дұрыс, дұрыс. Билеңіз, билеңіз. Сіздің әрбір күніңіз мереке болсын деп, деніңіздің саулығына ылғи қуанып, түн жарымына дейін жігітпен секеңдеп билесін деп, арғы атаңыз Ақтөбеде, әкеніз Сталинград түбінде қанын төккен. Билей беріңіз.

ҚАМАЖАЙ: Нәзила-ау, қойсаңшы. Теміржанды тағы да ренжітіп аламыз ғой.

НӘЗИЛА: Ол ренжиді деп енді үйден беземіз бе? Бәріміз бірдей оның әуеніне төңкерілгенде, ол біздің көңілімізбен неге санаспайды? Тимур, тоқтат енді. Жетер секеңдеуің. Ата сақалың аузына біткенше ұшып-қона беруден ұялсаң етті. Есің кіретін кез бола ма, жоқ па?

ТИМУР (*Қамажайға*): Ма... мамуля... мен мына қызды терезеден лақтырып жіберемін.

ҚАМАЖАЙ: Лақтырғаны несі?

ТИМУР: Кәдімгідей. Мені жолдастарымның алдында абыройдан жұрдай ғып бітті (*Нәзилаға қарай жайлап қозғалады*).

ҚАМАЖАЙ: Теміржан, бір ашуынды бер. Біз бесінші қабатта тұрамыз ғой.

НӘЗИЛА: Әпке, ара түспеңіз. Лақтырып көрсін. Ал, лақтыр. Лақтыр деймін енді. Лақтыра алмайсың ғой, қорқақ, жүрексіз. Мен болсам, лақтыра салар едім.

КӘМИЛА: Тим, сонда біздің өз үйімізде қонақ күтіп, көңіл көтеруге де хақымыз жоқ па?

НӘЗИЛА: Бар. Бірақ бұл үйде жалғыз сендер ғана емес, бәріміз тұрамыз. Өзгелермен де санасу керек емес пе? Жақында Ом диссертация қорғайды, әпкем жұмыстан шаршап келеді, мына бөлмеде бала ұйықтап жатыр. Билегіш боп бара жатсаңдар, "Алматы" ресторанына барыңдар.

СВЕТЛАНА: "Алматы" ресторанында, сінлім, ревизия жүріп жатыр.

НӘЗИЛА: Онда "Тастаққа" кетіндер, тауға өрмелеңдер немесе айдалаға барып билеңдер. Ол жақта ревизия да, ремонт та жоқ.

СВЕТЛАНА: Қызғаныштан ішің өртеніп барады ғой, ә? Одан да бір жігіттің етегінен ертерек ұста. Сонда өзгелермен ісің болмайды.

НӘЗИЛА: Байқауымша, сіздер мықтап ұстаған болуларыңыз керек.

СВЕТЛАНА: Ол біздің шаруамыз. Айтшы, сіз неге далаға шықпайсыз? Әлде, сіз де әпкеңіз секілді үй бағуды жөн көрдіңіз бе?

НӘЗИЛА (*тістеніп*): Тым болмаса, шолақ ақылыңыз бар ма деуші едім, ол да жоқ екен ғой. Сізге сөз әуре қылмаймын (*Дауыстан*). Шығыңыз үйден.

СВЕТЛАНА: Мына қыз бізді тағы да қуып шықты. Кетейік, жолдастар.

Бәрі шығады.

ТИМУР: Сұлтан, Светлана.

Кәмила креслоға сық етіп, солқылдап жылап жібереді.

ҚАМАЖАЙ: Құдай-ау, маған бәрің де бірдейсіңдер. Қайсыларыңның сөзіңді сөйлерімді білмей басым қатты ғой.

НӘЗИЛА: Әпке, басыңызды қатырмаңыз. Ермектің қасына барыңыз.

Қамажай кетеді. Іштен Омар шығады. Қолында портфелі бар, киініп алған.

НӘЗИЛА: Иә, саған жол болсын?

ОМАР: Жұрт кетіп қалған ба?

НӘЗИЛА: Біз сені жұмыс істеп отыр екен десек, ұйықтап тұрғаннан саумысың?

ОМАР *(таңданып)*: Кәмила неге жылап отыр?

НӘЗИЛА: Адам тек реніш-қайғыдан ғана жыламайды ғой, қуаныштан да жылайды ғой.

ОМАР: Иә, ол не қуаныш?

НӘЗИЛА: День хорошего настроения.

ОМАР *(иығын қомдан)*: Сенің сөзің мен шындық көріністің арасында байланыс жоқ сияқты. Жарайды, мен кеттім. Ертең айтарсыңдар. Бір жолдастың үйіне барып, мақаламды бітіруім керек. “Ғылым академиясының хабаршысына” осы аптада бітірем деп уәде беріп едім.

НӘЗИЛА: Оған қарсылығымыз жоқ. Айтпақшы, Гауһар, сен де бірге қайт. Бүгін бәрібір бірігіп сабақ оқуға көңіл күйіміз соқпас.

ГАУҲАР: Япыр-ай, мен құтты қонақ бола бермедім-ау...

НӘЗИЛА: Ом, Гауһарды үйіне дейін апарып салғаның жөн. Диалектикалық материализм тұрғысынан қарағанда...

Сахнада жарық сөніп, қайта жанады. Қамажай тамақ дайындап отыр, Кәмила журнал оқып жатыр.

КАМА: Мамуля, скажи честно, сенің жігітің бар ма?

ҚАМАЖАЙ *(күлегі)*: Оны қайтем?

КАМА: Как қайтем? Қыдырасыз, көңіл көтересіз. А то, үйде отыра бергеннен адам жалығады ғой.

ҚАМАЖАЙ: Жо-жоқ, мен жалықпаймын. Сендермен қатар жүріп кісі жалығушы ма еді?

КАМА: Сонан соң, қаладағы автобустар жақында кондукторсыз жұмыс істейді екен, сонда қайтесіз?

ҚАМАЖАЙ: Тағы бірдеңе табылар. Есінде болсын *(күліп)*, тұрғындарды еңбекке орналастыру бюросының белді қызметкері мені қамқорлығына алуды уәде еткен.

КАМА: Жас па?

ҚАМАЖАЙ: Жо-жоқ, қайдағы жас? Елуден асып қалған.

КАМА: Біреу-міреуге алимент төлей ме екен?

ҚАМАЖАЙ: Онысын қайдам? Қайырымды кісі сияқты.

КАМА: Білеміз ондайларды. Енді сіздің есіңізде болсын, елуден асқан еркектің жас әйелге деген қайырымдылығы

қармаққа жем салып, ақ шабақты асырамақ болған балықшының пиғылымен тең *(Күлегі)*.

ҚАМАЖАЙ: Айтпақшы, сен бір... аяғым ауыр деуші едің. Қазір ештеңе демей кеттің ғой. Жүрегің айнығанын қойды ма?

КАМА: Қойды ғой.

ҚАМАЖАЙ: Онысы несі екен? Соған қарағанда, мінезі Теміржанға тартқан қиқар болды-ау. Онда аяқ киімнің жемірі болады. Бүгін лакталған туфли алдым. Жұмыстан келгенде бір қуанатын болды. Міне, көрдің бе?

КАМА: Жақсы екен. Бірақ, ол енді ешкімге де тартпайды.

ҚАМАЖАЙ: Ол қалай?

КАМА: Мен оны... алдырып тастағанмын.

ҚАМАЖАЙ: Не дейді?

Қамажайдың қолынан пышағы түсіп, орнынан тұра беріп, сылқ етіп отыра кетеді. Кәмила ұшып тұрып, оның басынан сүйейді.

КАМА: Мамуля, мамуля... сізге не болды? Дәрігер, дәрігер шақыртайын *(Телефонды бұрай бастайды)*.

ҚАМАЖАЙ: Керегі жоқ. Керегі жоқ *(Орнынан қалтырай көтеріліп, Кәмилаға жақындайды)*. Мұның не, құлыным-ау... *(Жылайды)*.

КАМА: Сіз... сіз соған бола ма? Бізге қазір баланың керегі не?

ҚАМАЖАЙ: Қалай дедің? Не айттың?

КАМА: Баланың қазір керегі не деймін. Мен жұмысқа орналасайын, пәтер алайық.

Қамажай Кәмиланың бетіне шапалақпен тартып жіберіп, жылаған бойы теңселе басып шығып кетеді.

Кәмила кереуетке етпетінен түсіп, солқылдап жылай бастайды. Тимур кіреді.

ТИМУР: Кама, саған не болды? *(Кәмила жылауын үдете түседі)*. Бір жерің ауырып жатыр ма?

КӘМИЛА: Тим... кетейікші. Кетейікші бұл үйден.

ТИМУР: Сен не деп жатсың? Кетейікшің қалай?

КӘМИЛА: Менің бұл үйде тұрғым келмейді.

ТИМУР: Не, сені біреу ренжітті ме?

КӘМИЛА: Иә, ренжіту былай тұрсын, мені ұратынды да шығарды.

ТИМУР (*орнынан тұрып*): Ұратынды шығарды? Кім саған қол тигізген?

КӘМИЛА: Әпкең. Баланың жайын айтып едім. Соған бола шапалақпен салып-салып жіберді. Қазір денсаулығымның жоқ екенін айтқанымда өзін келісіп едің ғой.

ТИМУР: Солай де. Бұлар енді саған қол жұмсауды шығарған екен ғой. Неткен масқара бұл. (*Айғайлап*). Мамуля! Мамуля, бері келіңіз.

Іштен сүйретіле басып, әлі жасын тыймаған Қамажай шығады.

ҚАМАЖАЙ: Иә, неге шақырдың?

ТИМУР: Мамуля, Камаға қол жұмсаған сіз бе?

ҚАМАЖАЙ: Құлыным-ау, қол жұмсады дейтіндей...

ТИМУР: Жоқ, Каманы ұрғаныңыз рас па деймін?

ҚАМАЖАЙ: Рас... Себебі...

ТИМУР: Себебінің керегі жоқ. Ар жағын айтпай-ақ қойыңыз.

ҚАМАЖАЙ: Мен келінге қол көтеру былай тұрсын, осы уақытқа дейін мына сендердің маңдайларыңнан шерткен кезім болып па еді? Неге ұрдың деп себебін сұрамайсың ба әуелі?

ТИМУР: Себебін білемін. Көп болса, күшік тастаған шығар. Басы жас, әлі талайды көтереді.

КӘМИЛА: Иә, басым жас, әлі талайды көтерем...

Қамажай: Сен де біледі екенсің ғой оны. Тас бауыр. Қатыгез қара жүрек-те-ер (*Оны да шапалақпен салып жіберегі*).

ТИМУР: Кама, жинал. Тезірек жинал.

ҚАМАЖАЙ (*селт етіп есін жиып, көзінің жасын сүртегі*): Теміржан... Теміржан-ау, жинал дегенің не сөз? Жиналғаны несі?

ТИМУР: Кетеміз. Бұдан әрі бұл үйде тұра берудің жөні жоқ.

ҚАМАЖАЙ: Теміржан, көкешім. Үйден безіп қайда барасындар? Құлыным, садаған кетейін, кешір, кешір менің бір қателігімді. Сендерге көтерілген қолым неге сынып қалмайды. Кәмила, сен де кешір, жаным. Ашумен байқамай... басың жас қой, әлі талай көтерерсің.

ТИМУР: Кама, бол тез.

ҚАМАЖАЙ: Теміржан. Бір ашуыңды берсеңші. Сендерге жамандық ойлаған жерім бар ма еді? Саған лакталған туфли әкелдім. Көресің бе? Міне.

ТИМУР: Керегі жоқ. Өзім-ақ аламын.

Үйге Омар, Нәзила, Гауһар кіреді. Нәзила кірген бетте жүгіріп кеп, Қамажайды құшақтай алады.

НӘЗИЛА: Әпке, не болды саған? Көзіңдегі жасың не?

ҚАМАЖАЙ: Екеуі... екеуі кетеміз деп жатыр. Қой десеңдерші. Омар, сен неге үндемейсің?

ОМАР: Мен... осылай боларын білгенмін. Ақыл айтсаң, азғырғандай көріп, жүре тыңдайтын адамға сөз әуре ғып керегі жоқ. Мен бұл дауға араласпаймын. Бір күні өздері түсінеді.

ҚАМАЖАЙ: Бәрі өз бетімен. Жүректерің мұз боп кеткен бе, түге?

НӘЗИЛА: Жыламаңыз. Барсын кетемін десе.

ГАУҲАР: Өз әпкенізді осынша жылатып, сізге не болған?

ТИМУР: Ә-ә, сізге де тіл бітейін деген екен ғой. Менің әйелім сыйыспаған үйден жайлы орын тапқан екенсіз. Маған деген ашуыңыздың сырын түсінем. Менің кінәм сізге балмұздақ әпермегенім, кешкі баққа шақырмағаным ғой.

Гауһар бетін басып жылап, үйден сытылып шығады.

ТИМУР *(оның соңынан айғайлап)*: Комментатор жігітіңе сәлем айт.

НӘЗИЛА: Түйсіксіз. Оның көңіліне неге тиесің? Ол жетім өскен қыз.

ТИМУР: Бәріміз де жетімбіз.

НӘЗИЛА: Бірақ, сен жетесіңсің.

ТИМУР: Доғар енді. Бұл жолы кешірмеймін *(Тап береді)*.

ҚАМАЖАЙ: Теміржан, құлыным. Қарындасына қалай қол көтермексің?

ТИМУР: Келініңізге сіз қалай көтердіңіз? *(Нәзила бетін басып, орындыққа барып отыра кетеді)*. Осы үйде татулықтың ұйтқысы болудың орнына...

ҚАМАЖАЙ: Иә, мен... іріткі салып жүрмін?

НӘЗИЛА: Ана орнына ана боп, түн ұйқысын төрт бөліп, жастық шағын ұмытқан әпкеңе осылай десең, сенен

түңілмей кімнен түңілмексің? Кет, жоғалтыңдар көздеріңді...

Олар шығып кетеді.

ҚАМАЖАЙ: Енді қайттім, енді қайттім?.. Бір шаңыраққа ие бола алмағаным ба? "Теміржан мен келінімді неге сыйыстырмадың?" — десе, анама не деймін? Не бетімді айтам?

...

Нәзила мен Гауһар сабақ оқып отыр.

ГАУҲАР: Осыны жаттайсың кеп, жаттайсың, бәрібір ертең естен шығып кетеді. Біз осы шет тілінің маманы бола алмайтын шығармыз.

НӘЗИЛА: Жарайды, бүгінге осы да жетер. Бас тынықтырайық. Айтпақшы, комментатор жігіттен хабар болмай кетті ғой. Жолығып тұрасыңдар ма?

ГАУҲАР: Келіп тұрады.

НӘЗИЛА: Сүйемін деп айтты ма?

ГАУҲАР: Жоқ.

НӘЗИЛА: Неге?

ГАУҲАР: Мен ыңғай бермей жүрмін. Алғашқы кезде бір түрлі ішім жылитын сияқты еді, қазір мүлде селт етпеймін. Өйткені, оның бойында табиғилық жоқ. Барлық қимылы, айтар сөзі, тіпті темекі тұтатқанына дейін алдын ала ойластырып қойған секілді. Оның үстіне, ол өзін тым сылап-сипап, көрікті боп көрінуге тырысады.

НӘЗИЛА: Оның несі жаман?

ГАУҲАР: Сұлу еркектен жек көретінім жоқ. Және ылғи да иіс су жағып келеді.

НӘЗИЛА: Қызық екен. Жұрттың бәрі көрікті жігітке ұмтылса, сен одан теріс айналасың. Енді саған қандай керек? Ақылды, ұстамды, байыпты, тағысын-тағылар ма? Ол да жаңалық емес.

ГАУҲАР: Меніңше, ер адамның бойындағы әйел жақсы көретін қасиет екі-үш ауыз сөзбен бітпеуі керек. Адам жанының жұмбақ екенін білесің ғой. Бір адам кешке ішер асы жоқ, бірақ өмірге өлердей құштар, бір адам алтыннан сарай салдырған, бірақ өзін-өзі асып өлтіруге даяр. Адам

жанына не керек, не жетпейді? Маған не қажет? Мен ер адамның бойынан өзіме ұнайтын, онсыз өмір сүре алмайтын қасиет тапқым келеді.

НӘЗИЛА: Таптың ба?

ГАУҒАР (*толқып*): Таптым. Таптым, Нәзила.

НӘЗИЛА: Иә, ол... ол кім? (*Гауғар терезеге барып, ұзақ толқып тұрады*). Гауғар, айтсаңшы тезірек. Ұялма. Ғылыми коммунизмнен сабақ беретін мұғалім бе?

ГАУҒАР: Жоқ.

НӘЗИЛА: Енді кім? Сен басқалармен сөйлеспейсің бе?

ГАУҒАР: Сен... сен ренжімейсің бе? Ренжімеймін деп уәде бер, әйтпесе айтпаймын.

НӘЗИЛА: Ал, ренжімеймін. Саған ренжіп жын ұрып па? Айтшы, кәне?

ГАУҒАР: Мен... мен... Омарды... (*Бетін басады*).

НӘЗИЛА: Омар-ды? Қалай? Неге? Жоқ, жоқ, тұра тұр (*Басын ұстайды*). Омарды? Сен онымен тілдескен де адам емессің ғой.

ГАУҒАР: Өзің айтшы, тілдесу міндет пе?

НӘЗИЛА: Иә... иә... міндет емес. Тіпті... әрі-беріден соң шарт та емес.

Гауғар Нәзиланы құшақтайды.

ГАУҒАР: Нәзила, кешір мені, кешірші! Егер... сен өкпелейтін болсаң... мен... бәрін де ұмытам, бәрін.

НӘЗИЛА (*ол да құшақтап*): Жоқ. Мен өкпелемеймін. Бірақ, бір түрлі екен. Ең жақын құрбың, ең жақын ағаң... Мүмкін... мүмкін, бұл дұрыс та шығар. А? Солай ма?

ГАУҒАР: Білмеймін.

НӘЗИЛА: Міне, мұндай сұраққа келгенде бәрі түк білмейтін боп шыға келеді. "Диалектикалық материализм тұрғысынан қарағанда қыз баланы үйіне апарып салу деген..." деп жүріп, біздің Омекең...

ГАУҒАР: Жоқ, өтінемін, олай деме. Ол менің не ойлап жүргенімнен мүлде бейхабар.

НӘЗИЛА: Солай де. Енді не істемексің? Хат жазасың ба?

ГАУҺАР: Сен кісіні өліп жатса да, келемеждеуіңді қоймайсың.

НӘЗИЛА: Мінезім солай. Не тапсам да, тілімнен табатын шығармын. Бірақ, сені келемеждеп не табам? Мен... бәрін түсінем. Түсінем деп жүріп, ештеңе байқамағаным таң қалам... Адам жанының бұл да бір жұмбақ сыры ғой. Айтқаның дұрыс болды. Шын жүрегімнен тілектеспін.

ГАУҺАР: Рақмет, Нәзила.

НӘЗИЛА: Көп жаса, иманды бол демегеніне шүкір. Сөйтіп, сен де кеттім де. Омар қайда барады дейсің. "Сүйемін" десең, "дұрыс" деп жауап береді ғой.

ГАУҺАР: Сен оны тым арзандатпасаңшы.

НӘЗИЛА: О-о (*Күлін*). Міне, туған қарындасын шеттетудің алғашқы нышаны да байқалды. Сонда мен қайтпекпін?

ГАУҺАР: Сенің де жігітің бар ғой...

Үйге Қамажай кіреді. Түрінен шаршағаны білініп тұр. Қолында сеткаға салынған кастрюлі бар.

ҚАМАЖАЙ (*столға отырады*). Жаңа заводқа бардым.

НӘЗИЛА: Жай ма?

ҚАМАЖАЙ: Теміржанға ет пісіріп апардым.

НӘЗИЛА: Немене, ол ауруханада жатыр ма еді соншалықты. Әйелі бар, үйінен ішсін.

ҚАМАЖАЙ: Ішеді ғой... Қайда барады. Бірақ уақыттары жоқ, асханадан тамақтанып жүр екен. Үйдің тамағын сағынып қалыппын деп қарбытып көп жеді. "Кешір, мамуля", — дейді. Сағынады ғой... қайда барады... Көзі шүңірейіп кетіпті. Ауырып қалмаса жарар еді.

НӘЗИЛА: Үйге келем деді ме?

ҚАМАЖАЙ: Кешке жақын барайын деді. Айтатын сөзім бар дейді. Өткен жолғы тірлігіне өкініп жүрген шығар. Тамақ іштіндер ме?

НӘЗИЛА: Бізді қайтесіз. Демалыңызшы, әбден шаршапсыз ғой (*Есікті айқара ашып, Омар кіреді. Қолында телеграммасы бар. Қуанышты. Гауһар төмен қарайды.*).

ОМАР: Әпке! Сүйінші!

ҚАМАЖАЙ: Ойбай, қалағаныңды ал. Ол не қуаныш?

ОМАР: Міне, телеграмма. Нәзила, оқып жіберші.

НӘЗИЛА: Кәне, әкелші бері.

ҚАМАЖАЙ: Иә, оқышы тез.

НӘЗИЛА (*термелей оқи жөнелегі*): Алматы қаласы Абай проспектісі 107-үй, 17-пәтер, Оспановқа. Қымбатты Омар Исакович! О-о, Исакович дейді. Кіші ғылыми совет сіздің жұмысыңызбен танысып шыққан соң оны "қанағаттанарлық" деп тауып, философия ғылымдарының кандидаты деген атақ алу үшін диссертация қорғауға шешім қабылдады. Диссертация осы жылдың 16 августында, Ленинград мемлекеттік университетінің акт залында өтеді. Сапарың сәтті болсын. Профессор Григорьев".

НӘЗИЛА: Ома-ар. Вот молодчина. (*Жүгіріп кеп, оның мойнына асыла кетеді*). Әпке, сіз неғып отырып қалғансыз, құттықтамайсыз ба? (*Қамажай жылап отыр*).

ОМАР: Әпке-ау, сізге не болған? Жылағаныңыз не бұл?

ҚАМАЖАЙ: Жеттік-ау осы күнге, әйтеуір. Жолың болсын, жолың болсын.

(*Ақырын басып келіп, Омардың бетінен сүйегі*).

НӘЗИЛА: Гауһа-ар. Сен не, қуанбайсың ба?

ГАУҺАР: Мен... мен...

НӘЗИЛА: Менді қоя тұр. Бұлай сәті түсе бермейді. Бол.

ГАУҺАР: (*сасқалақтап Омарға жетіп келіп, оның қолын қысады*). Құттықтаймын.

ОМАР: Рақмет. (*Бәріне қарап*). О-оу, сіздер... Бұл қалай, мен бір тап диссертацияны қорғап шыққандай...

НӘЗИЛА: Қорғайсың, қорғайсың. Сен сияқты білімді жігіт неден сүрінбек.

ҚАМАЖАЙ: Айтпақшы, бүгін қай күн?

НӘЗИЛА: 13 август.

ҚАМАЖАЙ: Япыр-ай, келіп те қапты ғой.

НӘЗИЛА: Жұмыстан тағы сұранғалы отырсыз ба?

ҚАМАЖАЙ: Енді... Әрине. Жол жабдығын әзірлеу керек.

НӘЗИЛА: Демек, ертең автобус тағы да кондукторсыз жұмыс істейтін болды деңіз.

Тимур кіреді. Гауһар тез жинала бастайды.

ТИМУР: Сәлематсыздар ма? Бұл не жиын?

НӘЗИЛА (*"кетпе" дегендей Гауһардың қолынан ұстап*). Костюмнің құтты болсын-ей. Өзің таңдап алдың ба, әлде

"мысығың" әперді ме? Әпкем жаңа ғана: "Көзі шүңірейіп, азып-тозып кетіпті", — деп еді, жүдеген дәнеңесі жоқ, қайта толып келе жатыр екен ғой.

ҚАМАЖАЙ: Нәзила, сарнай бермей қойшы, енді. Теміржан, кел, шешініп столға отыр. Қарындасыңның мұндай сөзіне үйренетін кезің болды ғой. Омар Ленинградқа жүргелі отыр. Диссертациясын қорғауға барады. Қорғауға.

ТИМУР: Ом, рас па?

ОМАР: Рас.

ТИМУР: Құттықтаймын. *(Келіп құшақтайды)*. Сәтті болуын тілеймін. Әттең, банкетінде бола алмайтыныма өкініштімін.

ОМАР: Неге?

ҚАМАЖАЙ: Бола алмайтыны несі?

НӘЗИЛА: Не, 15 тәулікке түсетін болдың ба?

Тимур үй ішінде әрлі-берлі жүреді. Әлденеге толқып, батылы жетпейтін сияқты.

ҚАМАЖАЙ: Айтсаңшы, жайшылық па?

ТИМУР: Мамуля, мен... біз... кететін болдық. Заводта жиырма жігіт осылай деп шештік.

ҚАМАЖАЙ: Қайда?

ТИМУР: КамАЗ-ға. Ертең жолға шығамыз. Бір аптадан бері айтуға батылым жетпей келді.

ҚАМАЖАЙ: Не дейді? КамАЗ? Сонау жердің түбіне... Теміржан-ау, мұның қалай? Бізге ерегісіп әдейі жасағаның ба бұл?

ТИМУР: Жоқ, мамуля. Бұл — комсомолдық жолдама.

НӘЗИЛА: Комсомолдық жолдама. Өстім, ер жеттім, енді ешкімнің керегі жоқ. Мен өз басымды аулаққа алып қашамын, қалғандарың маған десе, бірің өліп, бірің қал. Солай ма?

ТИМУР: Наз, бұл игі сапар ғой...

НӘЗИЛА: Иә, өз басың үшін. Сол жақтан, бәлкім, адам боп ораларсың. Біз де өз күнімізді өзіміз көрерміз. Ақша көп. Әпкем айлық алады, мен стипендия алам, Омар диссертациясын қорғайды. Ол жетпесе, әкеміздің ай сайын төлеп тұратын алименті тағы бар.

ОМАР: Есің дұрыс па?! Нәзила. Тоқтат енді.

НӘЗИЛА: О-о. Сен де дауыс көтеретін бопсың ғой.

ОМАР: Тимур, жолың болсын. Саған өз басым ренжімеймін, қайта ризамын. Бәлкім, сенің шын мәніндегі өмірлік мақсатың сол жақтан күтіп тұрған шығар. Алаңдамай жүре бер.

ТИМУР: Сен... сен шын айтып тұрсың ба?

ОМАР: Мен ешқашан жалған сөйлемеймін.

ТИМУР (*жүгіріп кел, оны сүйіп-сүйіп алады*): Рақмет, бауырым. Мен ол жаққа барған бетте жергілікті комитеттен қарыз ақша алып, сенің банкетіңе жіберемін. Ал, қош сау болындар. Мені заводта жұрт күтіп тұр. Мамуля, Ермек қайда?

ҚАМАЖАЙ (*жыламсырап*): Ұйықтап жатыр.

ТИМУР (*басқа бөлмеге тез кіріп шығып*): Ұйқысының қаттысын-ай, бетінен сүйсем де, оянбайды. Ал, мамуля, сен мені кешір. Көп қуантудың орнынан көп ренжіткен сияқтымын. Кешір...

ҚАМАЖАЙ (*қолын жайып, оған ұмтылады*): Япыр-ай, өң мен түстей... Енді қашан көрісер екенбіз.

ТИМУР: Демалыс алған сайын келіп тұрамын, мамуля. Бізге де қонаққа келесіңдер. А, Наз... (*Ол Нәзилаға жақындап, мүдіріп тұрып қалады*). Сенімен қалай қоштассам екен?

НӘЗИЛА: Терезеден лақтырып жібер.

ТИМУР: Осы сөздеріңді де сағынатын шығармын. Ал, сау бол. Хат жазып тұр. Гауһар, сіз де сау болыңыз.

НӘЗИЛА: Салют. Ертерек аттан. Сол жаққа неғұрлым ертерек жетсең, сенің парасатты болуың соғұрлым жеделдемек.

ҚАМАЖАЙ: Жылы киімдерін чемоданға салайын. Япыр-ай, табан астыңда... (*Заттарын жинастыра бастайды*).

ОМАР: Нәзила, құрбы қызыңның көзінше өз туысыңды ұялта бермесеңші.

НӘЗИЛА: Гауһар бөтен емес. Әсіресе, оның бүгін бөтендігі жоқ.

Гауһар ернін тістелеп, Нәзиланың қолынан қысады.

ОМАР: Әсіресе, бүгін бөтендігі жоқ дегенің қалай?

НӘЗИЛА: Оған сенің әлі өрең жетпейді... Екеуіңді оңаша қалдырамын.

ГАУҒАР: Онда мен қазір кетемін.

НӘЗИЛА: Жоқ, мені ренжіткің келмесе, айтқанымды тыңда.

Тимур қапшығын арқалап, есікке беттейді. Қамажай да қоса шығады.

ҚАМАЖАЙ: Теміржан, тентектікті ана көтерсе де, дала көтермейді. Сырт көз — сыншы. Байқағайсың. Менің де ақылым асып-тасып бара жатқан жоқ, сендерден бір мысқал кем, бір мысқал аз. Әйтеуір, қайда жүрсен де, абыройыңды ұмытпа. Сонан соң... жаманды-жақсылы үй болдың, енді жаманды-жақсылы... Әй, қойшы... айтуға аузың да бармайды екен.

ТИМУР: Түсіндім, мамуля. Бәрін де түсіндім.

ҚАМАЖАЙ: Түсінсең бопты. Ақылың бар ғой. Кәмилаға да өзім хат жазып тұрармын. Ұрыспай-таласпай өмір сүріңдер. Ал, қиналсаңдар... балаларыңды алып келіп, өзім тәрбиелеймін.

ТИМУР: Мамуля. *(Бетінен сүйегі)*. Жылама, мен соғысқа бара жатқан жоқпын ғой. Енді жыласаң, тек қуаныштан ғана жылайтын боласың.

ҚАМАЖАЙ: Вокзалға дейін мен де барайын.

Есікке Гауһар да беттейді.

НӘЗИЛА: Екеуің онаша қала тұрындар. Диалектикалық материализм тұрғысынан қарағанда, мұның ерсілігі жоқ.

Екеуі онаша қалады. Гауһар есік алдында үнсіз тұр. Омар қимылсыз отыр. Пауза ұзаққа созылады. Басқа бөлмедегі Ермек шығады.

ЕРМЕК: Мамуля. Мамуля *(Гауһарға қарап)*: сіз неге түрегеп тұрсыз? *(Орындық әкеп қояды)*. Отырыңыз,

ОМАР: Ім... мм... кешіріңіз, менің ойымда болмапты...

ЕРМЕК: Менің самолетімді көрдіңдер ме, а?

ОМАР: Самокат. Ә-ә, міне, мына жақта. *(Самокатын әкеп береді)*. Тамақ ішесің бе?

ЕРМЕК: Жоқ *(Есікке беттейді. Шығып бара жатып, екеуіне кезек қарайды)*. Омар аға, сен де үйленейін деп жүрсің бе?

ОМАР: Немене? Мұндайды сен қайдан білесің? Гауһар, кешіріңіз, бұл әлі кішкентай ғой.

ЕРМЕК: Кішкентай, кішкентай... Тимурға осылай дегенімде, ол да: "Сен кішкентайсың", — деп ұрысқан. Өзі бәрібір үйленді.

ОМАР: Жарайды, жарайды. Мен саған ұрыспаймын.

Үлкендерге бұлай деп айтуға болмайды. Бар, ойнай ғой.

Ермек самокатын сылдырлатып шығып кетеді.

ГАУҺАР: Мен... мен де кетейін.

ОМАР: Имм... отырыңыз... Мен... котлет қуырайын...

ГАУҺАР: Жоқ, рақмет... Сау болыңыз.

Сумкасын алып шығып кетеді. Омар тәтті бір сезімге беріліп, аңырып тұрып қалады. Нәзила кіреді.

НӘЗИЛА: Оу, Гауһар қайда?

ОМАР: Имм... ол кетіп қалды.

НӘЗИЛА: Неге шығарып салмадың?

ОМАР: Шығарып салуға да, әрине, болар еді. Бірақ Ермектің сөзі бөгет болғаны.

НӘЗИЛА: Иә, ол не деп еді?

ОМАР: Сыртқа самокатын сүйреп бара жатып: "Омар аға, сен де үйленгелі жүрсің бе?" — дейді. Кішкентай балалардың ойына мұндай сөз қайдан келеді?

НӘЗИЛА *(сықылықтай күліп)*: Солай деді де. Жақсы айтқан.

ОМАР: Неменесі жақсы?

НӘЗИЛА *(паузадан соң байыпты күйге көшіп)*: Омар, орынсыз болса, кешір, бірақ айтпасқа хақым жоқ.

ОМАР: Ол не?

НӘЗИЛА: Гауһар жақсы қыз ба?

ОМАР: Қалай... Имм... сенің досың ғой.

НӘЗИЛА: Менің досым ретінде емес, өз басы қалай?

ОМАР: Жаман емес. Өмірден түйгені бар, ақылды қыз.

НӘЗИЛА: Сен оны ұнатасың ба?

ОМАР: Әрине... А-а, ұнатқаны қалай?.. Қалайша?

НӘЗИЛА *(ызаланып)*: Сүйесің бе деймін?

ОМАР: Немен-е? Сен мына маған, туған ағасына. Қалай ұятың жетіп айта аласың? Бұл не деген?..

НӘЗИЛА: Тоқтат ақылыңды, философ. Қазіргі философия ағасы мен қарындасының ашық сөйлесуін жоққа шығармайды. Және менің айтып тұрған сөзім пәлендей ұятсыздық емес, адамшылық *(Шығып бара жатып)*. Ал... Гауһар... Гауһар сені жақсы көреді. Диалектикалық материализм тұрғысынан... *(Шығып кетеді)*.

ОМАР: Не дейді? Гауһар?.. Диалектикалық материализм тұрғысынан?

...

Телефон шырылдайды.

ҚАМАЖАЙ (*орнынан ұшып тұрып, телефонға келеді*): Алло. Жатақхана ма? Маған Оспанов керек еді. Теміржан... Тимур Оспанов. Алло, бұл Темір ме? Теміржан. Әй, алтыным сол. Денің сау ма? Кәмила қалай? Иә, иә. Аман-есенбіз. Нәзила неміс тілінен сабақ беріп жүр. Ермектің жазған хатын алдың ба? Иә-иә, жақсы оқып келе жатыр. Бригадир ұрысты. Қалай? Бригадир етіп сайлады дейсің бе? Қашан? О, ақылдым менің. Ауыр емес пе? Құтты болсын, жарығым. Салған ақшанды алдық. Енді салмай-ақ қой, өздерің жарата беріңдер. Бізге жетеді. Омаржан айына үш жүз сом алады. Иә, керегі жоқ. Хат жазып тұрсаңшы. Хат жаз деймін, хат. Ал, Кәмилаға сәлем айт. Сау бол... Уф. Соңынан естілмей кеткені. Бригадир бопты, бригадир. Жарығым сол (Көзін сүртеді). Осында жүргенде тентек деуші едік. Көз алдында қадірі болмайды екен...

Нәзила кіреді, қуанышты.

НӘЗИЛА: Әпке, сүйінші.

ҚАМАЖАЙ: Тілеуіңді берсін, күнім-ау. Ол не қуаныш?

НӘЗИЛА: Біздің Ом, яғни Омарыңыз жаңа ашылған Қарағанды университетінің филология факультетіне кафедра меңгерушісі боп баратын болды.

ҚАМАЖАЙ: Кафедра меңгерушісі? Ойбай-ау, ол әлі жас емес пе?

НӘЗИЛА: За то, оның басы бар.

ҚАМАЖАЙ: О, құлындарым менің. Теміржан да бригадир бопты.

НӘЗИЛА: Тимур бригадир бопты. Вот дает. Тимур бригадир болғанда, Омар неге кафедра меңгерушісі болмайды. Бүгін той жасамасақ болмас.

ҚАМАЖАЙ: Айтпақшы, Қарағанды дедің бе?

НӘЗИЛА: Иә.

ҚАМАЖАЙ: Демек, ол да кетеді десеңші.

НӘЗИЛА: Әрине, барып-келіп істейтін оған өз алдына самолет береді дейсіз бе?

ҚАМАЖАЙ: Сөйтіп, бұл да өз жөнімен кетеді де...

НӘЗИЛА: Өз жөніне емес, үкіметтің тапсыруымен барады. Омар жалғыз сіздікі ғана емес.

ҚАМАЖАЙ: Иә, иә... солай... Бәлкім, сен де кететін шығарсың. Бәрің де кетіндер жан-жаққа тарап, мен қалайын жападан-жалғыз.

НӘЗИЛА: Жалғызсырамассыз. Құдай қаласа, КамАЗ жақтан кішкене немере ініңіз де кеп қалар. Әкеп тастайды ғой. Одан соң Омар да кешікпес.

ҚАМАЖАЙ (*күліп*): Әй, тентегім-ай. Айтқаның келсін. Ол үшін Омаржан әуелі үйленуі керек қой.

НӘЗИЛА: Ол жағынан қам жеменіз. Кафедра меңгерушісі болудан үйлену қиын деп пе едіңіз. Ол Алматыдан Қарағандыға біреу емес, екеу боп барады.

ҚАМАЖАЙ: Нәзила-ау, сен студент емессің, аспирантка болдың, абайлап сөйлемейсің бе?

НӘЗИЛА: Абайлағанда да, абайламағанда да солай.

ҚАМАЖАЙ: Кім екенін білесің бе?

НӘЗИЛА: Кім екенін өзін ойлап тапшы.

ҚАМАЖАЙ: Қайдан білейін. Осы күні қыз көп. Шошаңдаған біреу болмаса жарар еді.

НӘЗИЛА: Жоқ, шошаңдаған емес. Өте сыпайы, ақылды, көрікті, сізді туған әпкесіндей сыйлайды. Оның үстінде мен сияқты неміс тілінен сабақ береді.

ҚАМАЖАЙ: Не дейді, не дейді? Мыналарды жын ұрған шығар?! Гауһар?!

НӘЗИЛА: Дәл таптыңыз.

ҚАМАЖАЙ (*теңселіп тұрып қалады*): Не боп кеткен бұл. Бәрің... бәрің, шеттеріңнен, залымсыңдар...

НӘЗИЛА: Ол екеуінің залымдығы жоқ. Залым — мына менмін. Екеуін былай иіп әкеп (*қолымен көрсетеді*), тоқайластырдым да қойдым.

ҚАМАЖАЙ: Ұят болды-ау... Енді не амал бар?

НӘЗИЛА: Ұят ештеңесі жоқ, қайта алғыс айтсын. Бірін-бірі жақсы білетін адамдар қосылуы керек. Жақында шақыру билеті дайын болады.

ҚАМАЖАЙ: Осыдан екеуі көзіме көрінер ме екен?

НӘЗИЛА: Омар ұзақ уақыт тіл қата алмай жүріпті. Ақырында, отырған сәкісінен ұшып тұрып: "Мен сізбен

советтік семья құруға әрқашан дайынмын", — деп тоқ етерін бір-ақ айтыпты.

Екеуі қосыла күледі.

ҚАМАЖАЙ: Ал, енді сенің ғана кетуің қалды.

НӘЗИЛА: Жоқ, ешқайда да кетпеймін.

ҚАМАЖАЙ: Тентегім-ау, сонда тұрмысқа шықпайсың ба?

НӘЗИЛА: Шықсам да, шықпасам да, өмір бойы сенің қасыңда боламын.

...

Үйге той. Ұзын стол лықа толы. Қарсы беттегі қабырғада АНА портреті. Оның астында "60 жас" деген жазу көрініп тұр. Көрші әйел кіреді. Қолындағы гүлін стол үстіндегі вазаға қояды.

ӘЙЕЛ: Бақыт деген осы-ау деймін, Қамажай. Аналарыңның тойы құтты болсын. Бәрін жеткіздің, бәрін өсірдің. Азамат деген сендей-ақ болсын.

ҚАМАЖАЙ: Көңіліңізге рақмет. Темір мен Омардың келетін уақыты болды. Кешігіп жатыр.

ӘЙЕЛ: Келеді ғой. Қара шаңырақ оларды қайда жіберер дейсің. Әй, Қамажай, өз дегеніңді орындап жеткіздің. Омарың — ғалым, Тимурың — бригадир, Нәзилаң — мұғалім, Ермек — оқушы. Енді... өзіңді де ұмытпасаңшы. Саған ешкім ренжи қоймас.

ҚАМАЖАЙ: Қайдам, осылардың анасын жоқтатпаймын деп жүріп, шын ана боп кеткен сияқтымын. Бәрі жас баладай көрінеді де тұрады.

ӘЙЕЛ: Түу, Қамажай-ай. Қызықсын-ау. Сенің орнында басқаны қайдам, мына мен де төзе аламын ба, жоқ па, білмеймін. Білсем де, қолымнан келмес-ау деп қорқамын.

ҚАМАЖАЙ: Менікі қайбір жүректіліктен дейсің, осыларға деген мейірімнің шарпуы шығар.

ӘЙЕЛ: А-а, айтпақшы, үйге шал да келіп қалған шығар. Әлгінде жиналыста отырмын деп звондап еді. Келсе, осында ертіп әкелейін. Қазір қайтып келемін.

Шығып кетеді. Ермек кіреді. Қолында телеграмма. Өзінше күбірлеп, оқып келеді.

ҚАМАЖАЙ: Не болды, тыныштық па? Бұл не?

Телеграмма? Япыр-ай, жүрегім бір нәрсені сезген сияқты еді, әкелші бермен (*Оқиды, репродуктор*).

“Мамуля! Бригаданың жылдық жоспарының орындалуы жайлы өндірістік басқарма алдында ертең есеп беруіме байланысты бара алмайтын болдым. Ол үшін бәріңнен мың мәрте кешірім сұраймын. Тимур”.

“Мамуля! Кешір. Ғылыми коммунизмнің теориялық мәселелері бойынша Москвада өтетін халықаралық жиынға шұғыл аттанып бара жатырмын. Қайтар жолда міндетті түрде соғамын. Өзіңді құшақтап сүйөші — Омар”.

ҚАМАЖАЙ: Сөйтіп... бұлар... келмейтін болды де.

ЕРМЕК: Әпке, олар келмей ме?

ҚАМАЖАЙ: Иә, келмейтін болды. Жұмыстан... жұмыстан қолдары босамай жатыр екен. Кешірім сұрапты.

Ермек телеграмманы қолына алып, орындық арқалығына сүйеніп, үнсіз тұрады.

ЕРМЕК: Бұрын мына жерде Ом, мына жерде Тим отыратын. Енді бәрі жоқ. Олар бізді енді сағынбайды.

ҚАМАЖАЙ: Неге? Олар келеді. Жұмыстан қолдары босаған бойы келеді. Бар, жуына ғой, тамақ ішеміз (*Ермек басқа бөлмеге кетеді*). — Олар әлі жоқ... Қайтеміз, тойды өзіміз өткіземіз де. Бүгін көңілденетін күн еді, ән салатын күн еді. Амал барма. Нәзила да кешігіп жатыр, қазір барам деп телефон соғып еді. Мейлі, бастай берейік.

ӘЙЕЛ: Ойбай-ау, саған не болған. Қазір бәрі жиналады. Менің шалым да киініп жатыр.

ҚАМАЖАЙ: Келсе, келе жатар. Ашшы ана шампанды.

Көрші әйел шампанды ашады.

ҚАМАЖАЙ: Құй. Өзіңе де. Маған да.

Ол құяды. Қамажай стакандағы шампанды түгел ішіп салады. Әйел оған таңданып қарап қалған. Сол кезде барып жырттылып бара жатқан телеграмманы көріп, оны қолына ала береді.

ҚАМАЖАЙ: Өзіміз-ақ өткіземіз. Өзіміз-ақ. Олардың қолдары тимейді. Өзіміз-ақ... Өзіміз-ақ...

Шымылдық.